1.11 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Ақмола облысында 5 метеорологиялық станцияда (Атбасар, Көкшетау, Степногор, Астана, «Боровое» КФМС) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (1.10-сур.).

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы $0,8-2,1$ Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы $1,2$ Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



1.8-сурет. Ақмола облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

2 Ақтөбе облысының қоршаған орта жай-күйі

2.1 Ақтөбе қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 6 стационарлық бекетте жүргізіледі (2.1-сурет, 2.1-кесте).

2.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасқан жері және анықталатын қоспаның аталуы

Бекет номері	Алу мерзімдері	Бақылау жүргізу	Бекеттер мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Авиақалашық, 14	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді
4	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Белинский көшесі, 5	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутек, формальдегид, хром
5			Ломоносов көшесі, 7	қалқыма бөлшектер (шаң), көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, сульфаттар, формальдегид, хром
2	әрбір 20 минут сайын	үздіксіз режимде	Рысқұлов көшесі, 4 Г	қалқыма бөлшектер РМ-10, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутек
3			Есет-батыр көшесі, 109А	қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді озон (жербеті), күкіртті сутек
6			Жанкожа-батыр көшесі, 89	қалқыма бөлшектер РМ-2,5, қалқыма бөлшектер РМ-10, күкірт диоксиді, күкіртті сутек

**Қандыағаш қаласындағы бақылау мәліметтері бойынша ластаушы заттардың
максималды шоғыры**

Анықталушы қоспалар	Сынама нүктелері			
	№1		№2	
	q _m мг/м ³	q _m /ПДК	q _m мг/м ³	q _m /ПДК
Қалқыма бөлшектер РМ 10	0,0420	0,14	0,0490	0,16
Күкірт диоксиді	0,0034	0,0068	0,0094	0,0187
Көміртек оксиді	0,0034	0,0007	0,0030	0,0006
Азот диоксиді	0,0060	0,0298	0,0070	0,035
Азот оксиді	0,0030	0,0076	0,0074	0,0185
Күкіртсутек	0,0014	0,17	0,0010	0,013
Аммиак	0,0030	0,015	0,0045	0,023
Формальдегид	0,0013	0,026	0,0018	0,036

**2.3 Кенқияқ ауылының эпизодтық бақылау мәліметтері бойынша
атмосфералық ауаның жай-күйі**

Кенқияқ ауылындағы атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде жүргізілді (*Нүкте №1 – Западная көшесі, нүкте №2 – Сейфуллинкөшесі -Жеңіс даңғылы*).

Қалқыма бөлшектер РМ 10, азот тотығы, азот диоксиді, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, күкіртсутек, аммиак және формальдегидшоғырлары анықталды.

Бақылау мәліметтері бойынша барлық анықталған заттардың шоғыры шектен аспады (кесте 2.3).

Кесте 2.3

**Кенқияқ ауылындағы зерттеулер бақылау мәліметтері бойынша ластаушы
заттардың максималды шоғыры**

Анықталушы қоспалар	Сынама нүктелері			
	№1		№2	
	q _m мг/м ³	q _m /ПДК	q _m мг/м ³	q _m /ПДК
Қалқыма бөлшектер РМ 10	0,0600	0,2	0,0640	0,21
Күкірт диоксиді	0,0030	0,006	0,0041	0,008
Көміртек оксиді	0,0032	0,0006	0,0033	0,0007
Азот диоксиді	0,0091	0,045	0,0088	0,044
Азот оксиді	0,0081	0,0203	0,0083	0,021
Күкіртсутек	0,0016	0,198	0,0020	0,253
Аммиак	0,0045	0,023	0,0039	0,0195
Формальдегид	0,0038	0,08	0,0030	0,06

2.4 Ақтөбе облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Ақтөбе облысы аумағындағы жер үсті суларының ластануын бақылау 12 су нысанында: Елек, Карғалы, Қосестек, Ақтасты, Ойыл, Үлкен Қобда, Қара Қобда, Ембі, Темір, Орь, Ырғыз өзендері мен Шалқар көлінде жүргізілді.

Елек өзені – Жайық өзенінің көпсулы сол жақ саласы. Өзен суының су температурасы 0°C –тан бастап 13,2°C-қа дейінгі аралықта, сутегі көрсеткіші 7,80, судағы еріген оттегі концентрациясы 10,36 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,73 мг/дм³. Биогенді заттар (бор (3+) – 15,8 ШЖШ, тұзды аммоний – 2,5 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 5,3 ШЖШ, мырыш– 2,5 ШЖШ, хром (6+) – 6,9 ШЖШ, марганец (2+) – 4,4 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды.

Қарғалы өзенінде су температурасы 7,9 °С, сутегі көрсеткіші 7,22, судағы еріген оттегінің концентрациясы 10,8 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,35 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 1,1 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 2,3 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 4,2 ШЖШ) бойынша нормадан асқан.

Қосестек өзенінде суының температурасы 5,1°C, сутегі көрсеткіші 7,28, судағы еріген оттегінің концентрациясы 10,94 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,56 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 1,3 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 2,9 ШЖШ, азот нитритті – 1,3 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) - 3,1 ШЖШ) бойынша нормадан асқан.

Ақтасты өзенінде су температурасы 9,9°C, сутегі көрсеткіші 7,23, судағы еріген оттегінің концентрациясы 10,45 мг/дм³, ОБТ₅ - 0,79 мг/дм³. Негізгі иондардан (сульфаттар – 1,6 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 3,6 ШЖШ), ауыр металдар (мыс(2+) – 3,0 ШЖШ) бойынша нормадан асқан.

Ойыл өзенінде су температурасы 18,4°C, сутегі көрсеткіші 8,22, судағы еріген оттегінің концентрациясы 13,36 мг/дм³, ОБТ₅ – 3,24 мг/дм³. Негізгі иондардан (сульфаттар – 1,4 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 4,1 ШЖШ), ауыр металдар (мыс(2+) – 8,0 ШЖШ, марганец(2+) – 1,1 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар – 2,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалған.

Үлкен Қобда өзенінде су температурасы 12,7°C, сутегі көрсеткіші 7,82, судағы еріген оттегінің концентрациясы 8,38 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,53 мг/дм³. Биогенді заттар (тұзды аммоний – 3,2 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 8,0 ШЖШ) бойынша нормадан асуы байқалды.

Қара Қобда өзені – су температурасы 12,6°C, сутегі көрсеткіші 7,23, судағы еріген оттегінің концентрациясы 9,4 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,50 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс(2+) – 9,0 ШЖШ) бойынша шекті жол шоғырдан асқандығы тіркелді.

Ембі өзенінде - су температурасы 10,3 °С – тан бастап 17,2°C-қа дейінгі аралықта, сутегі көрсеткіші 7,42 судағы еріген оттегінің концентрациясы 10,50 мг/дм³, ОБТ₅ – 3,05 мг/дм³. Негізгі иондардан (сульфаттар – 1,4 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 6,2 ШЖШ), ауыр металдар (мыс(2+) – 2,5 ШЖШ, марганец (2+) – 4,7 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар – 2,0 ШЖШ) бойынша шекті жол шоғырданасқандығы тіркелді.

Темір өзенінде - суының температурауасы 9,2°C тан бастап 10,2 °С қа дейінгі аралықта , сутегі көрсеткіші 7,72, судағы еріген оттегінің концентрациясы 11,57 мг/дм³, ОБТ₅ – 3,53 мг/дм³. Негізгі иондардан (сульфаттар – 1,2 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 4,8 ШЖШ), ауыр металдар (марганец(2+) – 4,0 ШЖШ) бойынша шекті жол шоғырдан асқандығы тіркелді.

Ор өзенінде - су температурасы 14,9°C, сутегі көрсеткіші 8,22, судағы еріген оттегінің концентрациясы 12,01 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,88 мг/дм³. Негізгі иондардан (сульфаттар – 2,0 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 4,7 ШЖШ, азот нитриті – 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол шоғырдан асқандығы тіркелді.

Ырғыз өзенінде - су температурасы 8,0°C, сутегі көрсеткіші 7,25, судағы еріген оттегінің концентрациясы 11,29 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,62 мг/дм³. Негізгі иондардан (сульфаттар – 2,0 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 4,3 ШЖШ, фторидтер – 1,7 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 4,8 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Шалқар көлінде су температурасы 16°C, сутегі көрсеткіші 8,02, судағы еріген оттегінің концентрациясы 13,83 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,44 мг/дм³. Негізгі иондардан (сульфаттар – 1,1 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 1,9 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 5,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалған.


Ақтөбе облысы су нысандарының су сапасы келесі түрде бағаланады:

«ластанудың орташа деңгейіндегі» су – Ақтасты, Қарғалы, Қосестек, Ор, Ойыл өзендері мен Шалқар көлі; «ластанудың жоғары деңгейіндегі» су – Елек, Ембі, Үлкен Қобда, Ырғыз, Қара Қобда, Темір, өзендері;

2017 жылғы 4 тоқсанмен салыстырғанда су нысандарының су сапасы: өзені – Ор, Қосестек, Қарғалы, Ақтасты және Шалқар көлі - жақсарған; Елек, Ойыл, Үлкен Қобда, Қара Қобда, Ырғыз, Ембі, Темір өзендері – айтарлықтай өзгермеген.

2017 жылғы 4 тоқсанмен салыстырғанда ОБТ₅ шамасы бойынша су сапасы: Елек, Қосестек, Қарғалы, Үлкен Қобда, Ембі, Ақтасты, Қара Қобда өзендері мен Шалқар көлінде – айтарлықтай өзгермеген; Темір өзендері – нашарлаған; Ырғыз, Ор, Ойыл өзендері – жақсарған;

Ақтөбе облысы аумағындағы Елек өзенінде 8 ЖЛ жағдайы тіркелді.



2.2 сур. Астана қаласы су нысандарының жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

2.5 Ақтөбе облысы бойынша 2018 жылдың күз мезгіліндегі топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі

Күз мезгілінде Ақтөбе қаласының түрлі аудандарында алынған топырақ сынамасында қорғасын – 0,075- 0,15 мг/кг, хром – 0,01-0,25 мг/кг және мырыш – 6-8,96 мг/кг, мыс – 0,11-0,8 мг/кг, кадмий – 0,013-0,188 мг/кг шамасында болды.

№16 мектеп, Түргенев к., авиақалашық, теміржол бекеті ауданында, АЗФ зауыты аудандарында анықталатын қоспалар концентрациясы рұқсат етілген норма көлемінде болды.

2.6 Ақтөбе облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 7 метеорологиялық станцияларда (Ақтөбе, Қарауылгелді, Новоалексеевка, Родниковка, Уіл, Шалқар, Жағабұлақ) және Ақтөбе қаласының (№2 ЛББ, №3 ЛББ) 2 автоматты бекетінде бақылау жүргізілді (2.3-сур.).

Елді-мекендер бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,08-0,29 мкЗв/сағ.

аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні $0,13\text{мкЗв/сағ.}$, яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

2.7 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Ақтөбе облысында 3 метеорологиялық станцияларда (Ақтөбе, Қарауылгелді, Шалқар) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (2.4-сур.). Барлық станцияларда бес тәуліктік сынамаларды алу жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы $0,7-1,7\text{Бк/м}^2$ аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы $1,2\text{ Бк/м}^2$, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



2.3-сурет. Ақтөбе облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы


3 Алматы облысының қоршаған орта жай-күйі

3.1 Алматы қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 16 стационарлық бекетте жүргізілді (3.1-сур., 3.1-кесте).

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Амангелді к-сі. Сәтбаев к-сі бұрышы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенолдар, формальдегид
12	тәулігіне 3 рет		Райымбек даңғылы, Наурызбай батыр к-сі бұрышы	
16			Айнабұлақ-3 ш-а	
25			Ақсай-3 ш-а, Маречека к-сі, Б.Момышұлы к-сі бұрышы	
26			Тастақ-1 ш-а, Төле би к-сі, 249, ММ «№8 қалалық балалар емханасы»	
27	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Медеу метеостансасы, Горная к-сі,548	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді
28			аэрологиялық станса (Әуежай ауданы) Ахметов к-сі, 50	
29			Түркісіб ауданының ІДАБ Р. Зорге к-сі,14	
30			«Шаңырақ» ш-а,№26 мектеп, Жанкожа батыр к-сі., 202	
31			Аль-Фараби даңғылы, Науаи к-сі бұрышы, Орбита ш-а («Зеленстрой» АҚ Дендропарк аймағы)	
1			Аль-Фараби атындағы ұлттық университеті аумағы, Бостандық ауданы	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді,азот оксиді
2			Бұрындай автошаруашылық, Аэродромная к-сі, Түркісіб ауданы	
3			Момышұлы көшесіндегі «Алматы арена» мұз аренасы, Алатау ауданы	
4			№32 жалпы білім беру мектебі, 70 разъезд ауданы, Түркісіб ауданы	
5			«Халық арена»мұз аренасы, Медеу ауданы, Думан мөлтекауданы	
6	Жетісу әкімшілігі аумағы, «Құлагер» мөлтекауданы, Жетісу ауданы			



3.1-сурет. Алматы қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Қалада жалпы атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды. ЕЖҚ=30% (жоғары деңгей) азот диоксидімен (№ 12-бекет, Алмалы ауданында) анықталды және СИ=5 (жоғары деңгей) РМ-2,5 қалқыма бөлшектері (№ 30-бекет, Алатау ауданында) басым ластанған.

БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары азот диоксиді -1,4 ШЖШ_{о.т.}, формальдегид -1,4 ШЖШ_{о.т.}, РМ-2,5 қалқыма бөлшектер-1,1 ШЖШ_{о.т.}, қалқыма бөлшектері (шаң) -1,1 ШЖШ_{о.т.}, РМ-10 қалқыма бөлшектер-1,1 ШЖШ_{о.т.}, ауыр металдардың мен басқа ластаушы заттар – ШЖШ дан аспады.

РМ-2,5 қалқыма бөлшектердің максималды-бір реттік шоғырлары – 5,2 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектер-3,3 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді– 2,6 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді– 2,5 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді-2,1 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді - 1,7 ШЖШ_{м.б.}, қалқыма бөлшектері (шаң)- 1,6 ШЖШ_{м.б.} басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремальды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

3.2 Талғар ауданы Талғар қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Талғар қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – Әзірбаев көшесі, №2 нүкте – Бокин көшесі) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, фенолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылау негіздері бойынша Талғар ауданында максималды-бір реттік ластаушы заттардың шоғырлары 1,4ШЖШ құрады. Басқа ластаушы заттардың концентрациясы шекті жол берілген шоғырдан аспады (3.2-кесте).

3.2-кесте

Талғар қаласының бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максималдышоғыры

Анықталатын қоспалар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектері (шаң)	0,034	0,07	0,459	0,92
Күкірт диоксиді	0,077	0,15	0,014	0,03
Көміртегі оксиді	7,120	1,4	7,110	1,4
Азот диоксиді	0,024	0,12	0,106	0,53
Азот оксиді	0,042	0,10	0,079	0,20
Фенол	0,005	0,51	0,002	0,23
Формальдегид	0,003	0,07	0,020	0,40

3.3 Еңбекші қазақ ауданы Есік қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Есік қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – Тоқатаев көшесі, №2 нүкте – Абай көшесі, 87) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, фенолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылау деректері бойынша бардық ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (3.3-кесте).

3.3-кесте

Есік қаласының бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектері (шаң)	0,159	0,32	0,022	0,04
Күкірт диоксиді	0,021	0,04	0,020	0,04
Көміртегі оксиді	3,850	0,8	2,340	0,5
Азот диоксиді	0,016	0,08	0,012	0,06
Азот оксиді	0,027	0,07	0,018	0,04
Фенол	0,005	0,48	0,007	0,74
Формальдегид	0,022	0,44	0,037	0,73

3.4 Еңбекші қазақ ауданы Түрген ауылының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Түрген ауылында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – Құлмамбет көшесі, 1; №2 нүкте – Құлмамбет көшесі, 145) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, фенолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылау негіздері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (3.4-кесте).

3.4-кесте

Түрген ауылының бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектері (шаң)	0,121	0,24	0,026	0,05
Күкірт диоксиді	0,018	0,04	0,022	0,04
Көміртегі оксиді	3,070	0,6	4,280	0,9
Азот диоксиді	0,013	0,06	0,012	0,06
Азот оксиді	0,118	0,30	0,133	0,33
Фенол	0,003	0,28	0,010	0,96
Формальдегид	0,007	0,14	0,013	0,26

3.5 Іле ауданы Өтеген Батыр кентінің эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Өтеген Батыр кентінде атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – Пушкин көшесі, 31; №2 нүкте – Гагарин көшесі, 6) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, фенолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылау деректері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (3.5-кесте).

3.5-кесте

Өтеген Батыр кентінің бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектері (шаң)	0,094	0,01	0,041	0,08
Күкірт диоксиді	0,021	0,04	0,024	0,05
Көміртегі оксиді	3,940	0,8	3,100	0,06
Азот диоксиді	0,011	0,06	0,015	0,07
Азот оксиді	0,011	0,03	0,018	0,04
Фенол	0,009	0,92	0,005	0,47
Формальдегид	0,012	0,24	0,019	0,38

3.6 Қарасай ауданы Қаскелен қала үлгісіндегі кент эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Боралдай қала үлгісіндегі кентінде атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – Әкімшілік, №2 нүкте – Аблай хан көшесі) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, фенолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылау негіздері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (3.6-кесте).

3.6-кесте

Қаскелен қала үлгісіндегі кентінің бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектері (шаң)	0,012	0,02	0,012	0,02
Күкірт диоксиді	0,160	0,32	0,159	0,32
Көміртегі оксиді	4,710	0,9	1,270	0,3
Азот диоксиді	0,010	0,05	0,013	0,07
Азот оксиді	0,011	0,03	0,014	0,03
Фенол	0,002	0,24	0,006	0,59
Формальдегид	0,004	0,09	0,009	0,18

3.7 Талдықорған қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (3.2-сур., 3.7-кесте).

3.7-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Гагарин көш., 216 және Жабаев көшесі	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутек, аммиак
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Қонаев көш., 32	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, аммиак

облысы аумағынан Балқаш өзенінің батыс бөлігіне құйылады. Текес, Шарын, Шілік, Түрген, Есік, Баянкөл, Қаскелен, Үлкен Алматы, Кіші Алматы өзендері Іле өзенінің сол жақ жағалаудағы саласы болып табылады. Есентай өзені Кіші Алматы өзенінің тармағы. Қарқара және Темірлік өзендері Шарын өзенінің саласы. Қорғас өзені Іле өзенінің оң жақ жағалаудағы саласы болып саналады. Талғар өзені Қапшағай су қоймасына құяды. Қаратал, Ақсу, Лепсі, Балқаш көліне, Тентек, Жаманты, Ырғайты, Еміл, Қатынсу, Үржар, Егінсу өзендері Алакөл көліне құйылады.

Іле өзенінде судың температурасы 0,2-17,0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,02, судағы еріген оттектің концентрациясы -10,3 мг/дм³, ОБТ5 – 1,06 мг/дм³. Ауыр металдар (марганец (2+)–1,1 ШЖШ, мыс (2+)– 1,3 ШЖШ) және биогенді заттар (жалпы темір– 1,7 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Текес өзенінде судың температурасы 0,2-8,0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,98, судағы еріген оттегінің шоғыры -12,0 мг/дм³, ОБТ5 -0,98 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)– 1,4 ШЖШ, марганец (2+)– 2,5 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот-1,7 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Қорғас өзенінде судың температурасы 0,4-15,2 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,88, судағы еріген оттегінің шоғыры – 9,57 мг/дм³, ОБТ5 – 1,07 мг/дм³. Ауыр металдар (марганец (2+)– 2,0 ШЖШ, мыс (2+)– 1,5 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 2,2 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Қапшағай су қоймасында судың температурасы 1,2-19,0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,94, судағы еріген оттегінің шоғыры – 11,3 мг/дм³, ОБТ5 – 1,04 мг/дм³. Ауыр металдар (марганец (2+)– 1,1 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Шарын өзенінде судың температурасы 2,1 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,9, судағы еріген оттегінің шоғыры 12,2 мг/дм³, ОБТ5 1,14 мг/дм³. Биогенді заттар (фторидтер –1,1 ШЖШ) және ауыр металдар (марганец (2+) – 1,8 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Шілік өзенінде судың температурасы 1,2 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,8, судағы еріген оттегінің шоғыры – 11,6 мг/дм³, ОБТ5 – 1,25 мг/дм³. Биогенді заттар (фторидтер – 1,4 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Баянкол өзенінде судың температурасы 2,0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,02, судағы еріген оттегінің шоғыры 11,4 мг/дм³, ОБТ5 1,39 мг/дм³. ШЖШ-дан артық анықталмады.

Күрті су қоймасында судың температурасы 6,4 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,14, судағы еріген оттегінің шоғыры – 12,3 мг/дм³, ОБТ5 – 0,8 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) – 1,7 ШЖШ, марганец (2+) – 1,5 ШЖШ), органикалық заттар (мұнай өнімдері - 1,6 ШЖШ) және негізгі иондар (сульфаттар – 1,5 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Бартоғай су қоймасында судың температурасы 4,7 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,8, судағы еріген оттегінің шоғыры – 11,0 мг/дм³, ОБТ5 – 1,25 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір –3,4 ШЖШ, фторидтер – 1,5 ШЖШ) және ауыр металдар (марганец(2+) –1,4 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Есік өзенінде судың температурасы 1,6 °С, сутегі көрсеткіші 7,9, судағы еріген оттегінің шоғыры – 11,7 мг/дм³, ОБТ5 – 1,66 мг/дм³. Биогенді заттар (фторидтер – 1,3 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Қаскелен өзенінде судың температурасы 2,9-3,5 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,91, судағы еріген оттегінің шоғыры – 11,7 мг/дм³, ОБТ5 – 1,8 мг/дм³. Ауыр металдар (марганец (2+) – 1,3 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір –1,6 ШЖШ, фторидтер – 1,2 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Қарқара өзенінде судың температурасы 1,0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,1, судағы еріген оттегінің шоғыры – 11,5 мг/дм³, ОБТ5 – 1,26 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір –2,2 ШЖШ, фторидтер -1,1 ШЖШ), ауыр металдар (марганец(2+) – 1,2 ШЖШ) және негізгі иондар (сульфаттар – 1,3 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Түрген өзенінде судың температурасы 2,0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,0, судағы еріген оттегінің шоғыры – 12,3 мг/дм³, ОБТ5 – 1,64 мг/дм³. ШЖШ-дан артық анықталмады.

Талғар өзенінде судың температурасы 1,1 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,7 судағы еріген оттегінің шоғыры -11,8 мг/дм³, ОБТ5- 1,33 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір –1,1 ШЖШ, фторидтер – 3,5 ШЖШ) және ауыр металдар (мыс(2+) – 1,1 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Темірлік өзенінде судың температурасы 4,1 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,9, еріген оттегінің шоғыры -11,6 мг/дм³, ОБТ5 -0,93 мг/дм³. Биогенді заттар (фторидтер – 1,7 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Ақсу өзенінде судың температурасы 0,3-8,1 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,98, судағы еріген оттегінің шоғыры -11,9мг/дм³, ОБТ5 – 0,90 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)– 1,8 ШЖШ, марганец(2+) –1,4 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 1,2 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Лепсі өзенінде судың температурасы 0-9,3 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,99, судағы еріген оттегінің шоғыры – 11,7 мг/дм³, ОБТ5 – 1,2 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)– 1,9 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 1,3 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Қаратал өзенінде судың температурасы 1,2-11,2 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,98, судағы еріген оттектің концентрациясы 11,3 мг/дм³, ОБТ5 0,95 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)– 1,1 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 1,4 ШЖШ, нитритті азот- 1,5 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Балқаш көлінде судың температурасы 10,3-13,0 °С, сутегі көрсеткіші 8,79, судағы еріген оттегінің шоғыры – 11,1 мг/дм³, ОБТ5 – 1,40 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) – 11,5 ШЖШ, мырыш – 1,2 ШЖШ, марганец (2+) – 2,0 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір– 1,4 ШЖШ, тұзды аммоний – 3,0 ШЖШ,) және негізгі иондар (сульфаттар – 13,8 ШЖШ, натрий – 8,4 ШЖШ, магний- 7,0 ШЖШ, хлоридтер – 4,4 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Алакөл көлінде судың температурасы 7,2-15,0 °С, сутегі көрсеткіші 8,68, судағы еріген оттегінің шоғыры – 11,1 мг/дм³, ОБТ5 – 1,27 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) – 13,0 ШЖШ, мырыш – 1,7 ШЖШ, марганец (2+) – 1,8 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір– 1,7 ШЖШ, тұзды аммоний 3,6 ШЖШ, фторидтер- 2,2

ШЖШ) және негізгі иондар (сульфаттар – 13,7 ШЖШ, натрий – 6,2 ШЖШ, магний- 4,4 ШЖШ, хлоридтер – 2,4 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Үлкен Алматы көлінде судың температурасы 7,6 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,83, еріген оттегінің шоғыры – 10,1 мг/дм³, ОБТ5 – 1,2 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір – 1,3 ШЖШ, нитритті азот-2,4 ШЖШ тұзды аммоний – 1,4 ШЖШ, фторидтер- 2,9 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+)– 1,2 ШЖШ), бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.


Кіші Алматы өзенінде судың температурасы 0,6-16,5 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,76, еріген оттегінің шоғыры 10,9 мг/дм³, ОБТ5 – 1,37 мг/дм³. Биогенді заттар (нитритті азот- 1,8 ШЖШ, жалпы темір – 1,5 ШЖШ, фторидтер- 1,2 ШЖШ) ауыр металдар (мыс (2+)– 1,4 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Үлкен Алматы өзенінде судың температурасы 1,0-12,1 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,82, еріген оттегінің шоғыры 10,9 мг/дм³, ОБТ5 1,31 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір – 1,5 ШЖШ, фторидтер- 1,3 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.


Есентай өзенінде судың температурасы 0,7-16,2 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,88, еріген оттегінің шоғыры – 11,1 мг/дм³, ОБТ5 – 1,4мг/дм³. Биогенді заттар (нитритті азот- 2,7 ШЖШ, жалпы темір – 1,5 ШЖШ, фторидтер- 1,5 ШЖШ) ауыр металдар (мыс (2+)– 1,4 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Су нысандарының су сапасы келесі түрде бағаланады: *«ластанудың орташа деңгейі»* - Іле, Текес, Қорғас, Кіші Алматы, Есентай, Үлкен Алматы, Шілік, Шарын, Қаскелен, Қарқара, Есік, Талғар, Темірлік, Қаратал, Ақсу, Лепсі,өзендері, Құрты, Бартоғай, Қапшағай су қоймалары, Үлкен Алматы көлі; *«нормативті таза»*- Түрген, Баянкөл өзендері; *«ластанудың жоғары деңгейі»*- Балқаш,Алакөл көлдері.

2017 жылдың 4 тоқсанымен салыстырғанда су сапасы Іле, Текес, Қорғас, Кіші Алматы, Есентай, Үлкен Алматы, Шілік, Шарын, Қаскелен, Қарқара, Есік, Талғар, Темірлік өзендері, Құрты, Бартоғай су қоймалары, Үлкен Алматы, Балқаш,Алакөл көліне, Қапшағай су қоймасы - айтарлықтай өзгермеген; Түрген, Баянкөл өзендері – жақсарған (*«ластанудың орташа деңгейі»* дәрежесінен *«нормативті таза»*дәрежесіне ауысты).



Сур. 3.3 Алматы қаласының жер үсті суларының сапалы сипаттамасы



Сур. 3.4 Алматы облысының жер үсті суларына сапалы сипаттама

3.9 2018 жылдың күз мезгіліндегі Алматы облысы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі

Алматы қаласында әртүрлі аудандардан алынған топырақ сынамаларында хром 0,08-0,3 мг/кг, мырыш- 4,4-8,1 мг/кг, қорғасын – 13,3-41,4 мг/кг, мыс – 0,3-2,7 мг/кг, кадмий – 0,18-0,38 мг/кг аралығында болған.

ВАЗ ауданында алынған топырақ сынамасында қорғасын мөлшері 1,3 ШЖШ, ал Әуежай ауданында қорғасын мөлшері 1,0 ШЖШ көрсеткен.

Қазақ Ұлттық Университеті бау-бақша зонасы мен Бауман тоғайында және Дорожник ықшамау данындағы күз мезгілінде алынған топырақ сынамаларында ауыр металдар қалыпты мөлшерде болған.

Талдықорған қаласының әртүрлі аудандардан алынған топырақ сынамаларында хром 0,35-4,66 мг/кг, мырыш- 7,50-14,90 мг/кг, қорғасын –26,9-360,5мг/кг, мыс –0,60-5,43мг/кг, кадмий – 0,53-3,9 мг/кг аралығында болған.

Қорғасынның шектен тыс шоғыры Тәуелсіздік көшесі-4,49 ШЖШ мен Киров - 4,11 ШЖШ мен Индустриальная көшелерінде – 11,7 ШЖШ. №18 орта мектеп ауданында қорғасын – 7,51 ШЖШ, ал мыс -1,81 ШЖШ, мырыш – 119 ШЖШ мөлшерін көрсетті.

Басқа аудандарда алынған топырақ сынамаларындағы хром, мыс, мырыш қалыпты мөлшерде болған.

Текелі қаласының әртүрлі аудандардан алынған топырақ сынамаларында хром 0,96-4,5 мг/кг, мырыш- 16,2-77,4 мг/кг, қорғасын – 42,7-209,9мг/кг, мыс – 1,7-18,7 мг/кг, кадмий – 0,6-3,8 мг/кг аралығында болған.

Қорғасынның шектен тыс концентрация №3 орта мектеп Юдина көш. ауданында қорғасын – 1,3 ШЖШ, Тәуелсіздік көшесіндегі қала поликлиникасы ауданында – 2,2 ШЖШ, Каратал және Молодежная көш. қилысында қорғасын -6,6, мыс- 6,2, мырыш- 3,4 ШЖШ. Әуезов көшесі мен Орталық парк қилысында қорғасын –4,1 ШЖШ, мыс -1,6 ШЖШ, мырыш – 1,1 ШЖШ мөлшерін көрсетті.

Басқа аудандарда алынған топрақ сынамаларындағы хром, мыс, мырыш қалыпты мөлшерде болған.

3.10 Алматы облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 8 метеорологиялық станцияларда (Алматы, Бақанас, Қапшағай, Нарынқол, Жаркент, Лепсі, Талдықорған, Сарыөзек) бақылау жүргізілді (3.5-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,12-0,25мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,17мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

3.11 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Алматы облысында 5 метеорологиялық станцияларда (Алматы, Нарынқол, Жаркент, Лепсі, Талдықорған) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (3.6-сур.).

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,7-2,8Бк/м². аралығында болды. Облыс бойынша

радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,3 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



3.5-сурет. Алматы облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

4 Атырау облысының қоршаған ортаның ластану жай-күйі

4.1 Атырау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 5 стационарлық бекетте жүргізілді (4.1-сур., 4.1-кесте).

4.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Азаттық даңғ., Әуезов даңғ. бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,күкірттісутегі,фенол дар,аммиак, формальдегид
5			Сәтбаев даңғ., мен Владимирская көш., бұрышы	
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Атырау филиалының жанында, ескі әуежай	PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді,күкірттісутегі, аммиак,көміртегі диоксиді

8		Әуезов даңғылының ауданы	PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, аммиак
9		Береке шағын ауданы, Береке өндірістік ауданы	PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



4.1-сурет. Атырау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің (4.1-сур.) деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, №1 бекет аумағында (Азаттық даңғ., Әуезов даңғ. бұрышы) $СИ=2$ (көтеріңкі деңгей), $НП = 12\%$ (көтеріңкі деңгей) сәйкес күкіртті сутегі және қалқыма бөлшектер (шаң) №1 бекет аумағында (Азаттық даңғылы Әуезов қилысы) және №5 бекет аумағында (Сәтбаев даңғ., мен Владимирская көш., бұрышы) бойынша анықталды.

Орташа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) максималды-бірлік шоғырлары – 2,0 ШЖШ_{м.б.}, азот оксидінің – 1,85 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегінің –2,0ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа лаस्ताушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


4.2 Құлсары қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (4.2-сур., 4.2-кесте).

4.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Құлсары метеостансасының маңында	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азотоксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



4.2-сурет. Құлсары қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төменгі** болып бағаланды (4.2-сур.), СИ мәні бойынша 1, ЕЖҚ=0%.

Озонның (жербеті) орташа шоғыры 1,26 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа лаस्ताушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

4.3 Құлсары қаласының эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Құлсары қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 3 нүктеде (№1 нүкте –Тенгизшевройл ЖШС жағынан, темір жол вокзалының ауданы, №2 нүкте-қала орталығында бас пошта жанында, №3 нүкте - қалаға кіріп, шығатын жерде) жүргізілді. РМ-10 қалқыма бөлшектерінің, күкіртті сутегісінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, аммиактың, метанның, көмірсутектер (C₁₂-C₁₉), фенолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылау деректері бойынша қалған ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (4.3-кесте).

4.3-кесте

Құлсары қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максимальды шоғырлары

Ластаушы заттар	№1 нүкте		№2 нүкте		№3 нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
РМ -10 қалқыма бөлшектер	0,500	1,66	0,500	1,66	0,500	1,66
Күкірт диоксиді	0,018	0,036	0,015	0,03	0,015	0,03
Көміртегі оксиді	0,68	0,136	1	0,2	0	0
Азот диоксиді	0,024	0,12	0,015	0,075	0,019	0,095
Азот оксиді	0,015	0,0375	0,015	0,0375	0,018	0,045
Күкірттісутегісі	0,008	1	0,008	1	0,008	1
Фенол	0,003	0,3	0,003	0,3	0,004	0,1
Көмірсутектер(C ₁₂₋₁₉)	2	-	2	-	2	-
Аммиак	0,013	0,065	0,015	0,075	0,012	0,06
Формальдегид	0,005	0,1	0,006	0,12	0,006	0,12
Метан	4	-	3	-	3	-

4.4 Жаңа Қаратон кентінің эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Жаңа Қаратон кентінде атмосфералық ауаның ластануына бақылау 3 нүктеде(№1 нүкте - Құлсары-кіру темір жол станциясынан 86 км ары, №2 нүкте - шырақтан ары орналасқан СҚА 5 км ары (санитарлық қорғау аймағы), №3-нүкте - шырақтан 8-10 км ары орналасқан тұрғын аймағы (СҚА

ары) жүргізілді. РМ-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкірттісутегісінің, фенолдың, көмірсутектерінің (C₁₂-C₁₉), аммиактың, формальдегидтің және метанның шоғырлары өлшенді.

Бақылау деректері бойынша қалған ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (4.4-кесте).

4.4-кесте

Жаңа Қаратон кентіндегі бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың
максималды шоғырлары

Ластаушы заттар	№1 нүкте		№2 нүкте		№3 нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
РМ -10 қалқыма бөлшектер	0,600	2	0,600	2	0,600	2
Күкірт диоксиді	0,015	0,03	0,015	0,03	0,021	0,042
Көміртегі оксиді	2,31	0,462	2	0,4	2,31	0,462
Азот диоксиді	0,017	0,085	0,024	0,12	0,020	0,1
Азот оксиді	0,021	0,05	0,010	0,02	0,013	0,03
Күкірттісутегісі	0,005	0,625	0,005	0,625	0,005	0,625
Фенол	0,003	0,3	0,004	0,4	0,003	0,3
Көмірсутектер(C ₁₂ -C ₁₉)	4	-	4	-	4	-
Аммиак	0,017	0,085	0,015	0,075	0,013	0,065
Формальдегид	0,004	0,08	0,004	0,08	0,004	0,08
Метан	5	-	1	-	5	-

4.5 Ганюшкино ауылының эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Ганюшкино ауылында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 3 нүктеде (№1 нүкте - Ганюшкино МС жаңында, №2 нүкте - теміржол бекеті ауданы, №3 нүкте - Жыланды ауылындағы мектептен 200 м ары) жүргізілді. РМ-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкіртті сутегісінің, фенолдың, көмірсутектерінің (C₁₂-C₁₉) аммиактың, формальдегидтің және метанның шоғырлары өлшенді.

Бақылау деректері бойынша қалған ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (4.5-кесте).

4.5-кесте

Ганюшкино ауылының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың
максималды шоғыры

Ластаушы заттар	№1 нүкте		№2 нүкте		№3 нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
РМ -10 қалқыма	0,600	2	0,600	1,2	0,600	1,2

бөлшектер						
Күкірт диоксиді	0,011	0,022	0,016	0,032	0,016	0,032
Көміртегі оксиді	1,89	0,378	2	0,4	2	0,4
Азот диоксиді	0,011	0,055	0,015	0,075	0,011	0,055
Азот оксиді	0,010	0,02	0,015	0,03	0,005	0,01
Күкірттісутегісі	0,006	0,75	0,007	0,875	0,005	0,625
Фенол	0,004	0,4	0,004	0,4	0,004	0,4
Көмірсутектер(C ₁₂ -C ₁₉)	2	-	2	-	2	-
Аммиак	0,013	0,06	0,014	0,07	0,011	0,05
Формальдегид	0,003	0,06	0,004	0,08	0,004	0,08
Метан	2	-	3	-	3	-

4.6 Атырау облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Атырау облысы аумағындағы жер үсті суларының ластануын бақылау 3 су нысанында, Жайық, Шаронова және Қиғаш өзендерінде жүргізілді.

Жайық өзені Ресей Федерациясы аумағынан ағып шығып, БҚО және Атырау облысы аумақтарынан ағып өтіп, Каспий теңізіне Атырау облысы аумағына құяды.

Шаронова және Қиғаш өзендері Волга өзенінің төменгі ағысындағы, Қазақстан аумағы арқылы өтетін, тармақтары. Өзендер Атырау облысы аумағында Каспий теңізіне құяды.

Жайық өзенінде су температурасы 12,8°Сден -0°С дейін, сутегі көрсеткіші 8,2, судағы еріген оттегі шамасы 7,28 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,72 мг/дм³ құраған. Шекті жол берілген шоғырдан асуы ауыр металлдар (мыс-1,40ШЖШ, мырыш – 1,1 ШЖШ).

Шаронова өзенінде су температурасы 15,4°Сден -0°Сдейін көрсетілген, сутегі көрсеткіші 7,9, судағы еріген оттегі шамасы - 7,0 мг/дм³, ОБТ₅ -3,3мг/дм³.

Шекті жол берілген шоғырдан асуы негізгі иондар (хлоридтер-1,5ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір-1,1 ШЖШ), ауыр металлдар (мыс-1,40ШЖШ).

Қиғаш өзенінде су температурасы 15,7°Сден-0°Сдейін көрсетілген, сутегі көрсеткіші 8,08, судағы еріген оттегі шамасы -6,5мг/дм³, ОБТ₅-3,1мг/дм³.


Шекті жол берілген шоғырдан асуы негізгі иондар (хлоридтер-1,4 ШЖШ).

СЛКИ бойынша су сапасы Жайық, Шаронова, Қиғаш өзендерінде - «ластанудың орташа деңгейі» бағаланады.

2017 жылдың 4 тоқсанымен салыстырғанда Жайық, Шаронова және Қиғаш өзендерінде нашарлаған.

Оттегінің 5 тәуліктегі биохимиялық тұтынылуы (ОБТ₅) мәні бойынша Жайық «нормативті таза», Шаронова және Қиғаш өзендерінде су сапасы «ластанудың орташа деңгейі».

Оттегінің 5 тәуліктегі биохимиялық тұтынылуы (ОБТ₅) бойынша 2017 4 тоқсанымен салыстырғанда Шаронова және Қиғаш өзендерінде - нашарлаған.



4.3 сур. Атырау облысы жер үсті суларының сипаттамасы

4.7 Атырау облысы аумағындағы Солтүстік Каспий теңіз суының сапасы

Теңіз суы сапасына бақылау жүргізу келесі жағалық стансалар, теңіз кеме жүру арналары (2 нүкте), Жайық өзені қайраңы (5 нүкте), Шалығи шығанағы аралдары (5 нүкте).

Теңіз суы сынамаларында қалқымалы бөлшектер, рН, суда еріген оттегі, басты иондар, биогенді заттар, органикалық лаस्ताуыштар (мұнай өнімдері, фенолдар), жеңіл тотығатын органикалық заттар (ОБТ₅ бойынша) мен ауыр металдардың мөлшері талданды.

Теңіз кеме жүру арнасы тұстамаларында су температурасы 11,7°C, теңіз суы сутегі көрсеткіші –8,3, суда еріген оттегі –6,7мг/дм³, ОБТ₅ – 2,9 мг/дм³. ШЖШ асу байқалмаған.

Жайық өзені қайраңы тұстамаларында су температурасы 10,3°C, теңіз суы сутегі көрсеткіші –7,1, суда еріген оттегі –7,6мг/дм³, ОБТ₅ – 3,44мг/дм³. ШЖШ асу байқалмаған.

Шалығи шығанағы аралдары тұстамаларында су температурасы 9,62°C, теңіз суы сутегі көрсеткіші – 8,4, суда еріген оттегі – 7,9мг/дм³, ОБТ₅ – 3,2мг/дм³. ШЖШ асу байқалмаған.

Солтүстік Каспий су температурасы 10,5°C, теңіз суы сутегі көрсеткіші – 7,9, суда еріген оттегі – 7,4мг/дм³, ОБТ₅ – 3,18 мг/дм³.

ШЖШ асу байқалмаған.

2018 жылы қазан айында **Солтүстік Каспийде** су сапасы СЛКИ бойынша «*нормативті таза*» деп сипатталды. 2017 жылдың қазан айымен салыстырғанда теңіз суы сапасы айтарлықтай өзгермеген.

Су сапасы ОБТ₅ бойынша », **Теңіз кеме жүру арнасы**, «*нормативті таза*» деп сипатталды, **Жайық өзені қайраңы және Шалығи шығанағында** «*ластанудың орташа деңгейінде*».

2017 жылғы қазан айымен салыстырғанда ОБТ₅ бойынша **Теңіз кеме жүру** айтарлықтай өзгермеген, **Жайық өзені қайраңы және Шалығи шығанағы** нашарлаған.

Оттегі режимі бірқалыпты.

4.8 2018 жылдың күзгі мезгіліндегі Атырау облысы бойынша топырақтың ауыр металдармен жай-күйі

Күз мезгілінде Атырау қаласындағы топырақ сынамаларында мырыш мөлшері 25,1-35,6 мг/кг, мыс – 5,0-8,2 мг/кг, хром – 1,45-3,0 мг/кг, қорғасын – 1,8-2,7 мг/кг, кадмий – 0,2-0,21 мг/кг шегінде болды.

№ 19 мектептің, демалыс саябағының, Атырау-Орал автомагистралінің аудандарында іріктелген топырақ сынамаларында Атырау мұнай өңдеу зауытынан 500 м және 2 км қашықтықта анықталған ауыр металдардың мөлшері норманың шегінде болды.

Күзгі кезеңде Солтүстік Каспийдің – Жанбай, Забурунье, Доссор, Мақат, Қосшағыл кен орындарындатүрлі аудандардан нүктелерде іріктелген топырақ сынамаларында қорғасын мөлшері 2,16-15,3 мг/кг, мырыш - 4,6-14,2 мг/кг, мыс – 1,23-2,9 мг/кг, хром - 1,11-4,05 мг/кг, кадмий - 0,06-0,3 мг/кг, мұнай өнімдері – 1,6-2,95 мг/кг шегінде болды және берілген нормадан аспады.

4.9 Атырау облысының радиациялық гамма-фоны


Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық станцияда (Атырау, Пешной, Құлсары) және Құлсары қаласындағы 1 автоматты бекетте (№7 ЛББ) жүргізілді (4.9-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,08-0,19мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,12 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

4.10 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Атырау облысында 1 метеорологиялық станцияда (Атырау) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (4.9-сур.). Станцияда бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 1,0-2,1 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,5 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



4.4-сурет. Атырау облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.


5 Шығыс Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі

5.1 Өскемен қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (5.1-сур., 5.1-кесте).

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Рабочая көшесі, 6	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді, азот диоксиді,фенол,фторлы сутек,хлор,хлоры сутек,формальдегид,күкірт қышқылы,күшәнның анықталмаған қосындысы,бенз(а)пирен,гамма- фон. №1,5,7 ЛББ:бериллий,кадмий, мыс,корғасын,мырыш
5			Қайсенов көшесі, 30	
7			Первооктябрьскаякөшесі 126 (Защита стансасы)	
8			Егорова көшесі, 6	
12			Сәтбаев даңғылы, 12	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Питер-Коммунаркөшесі, 18	PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді,азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), аммиак, көмір сутегісінің сомасы, метан
3			Ворошилов көшесі, 79	



5.1-сурет. Өскемен қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Бақылаудың стационарлық желілерінің мәліметтері бойынша (сурет 5.1) қаланың атмосфералық ауасының ластану деңгейі **жоғары** болып сипатталады, ол СИ 9-ға (жоғары деңгей), ЕЖҚ 36%-ға (жоғары деңгей) тең мәндерімен анықталды.

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің (5.2 - сур.) деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, ол СИ 3-ке (көтеріңкі деңгей), ЕЖҚ 1%-ға (көтеріңкі деңгей) тең мәндерімен анықталды.

Орташа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Азот оксидінің максималды бірлік шоғырлары - 2,6 ШЖШ_{м.б.} құрады, қалған ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.


5.3 Риддер қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (5.3-сур., 5.3-кесте).

5.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Островский көшесі, 13А	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол, формальдегид,күшән
6			Клинка көшесі, 7	
3	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	9 мая көшесі,7	PM-10 қалқыма бөлшектер, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), аммиак, көмір сутегісінің сомасы, метан



5.3-сурет. Риддер қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	«Сабитовой» мөлтек ауданы (№ 16 орта мектебі аумағы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді.
3			Ленин-2 мен Әлімжанов көшелерінің бұрышы	№1,3 ЛББ (әр 10 күн сайын) кадмий, мыс, күшәла, қорғасын, хром, никель (Алматы қаласы, ХАЗБ-да анықталады)
4			Сейфуллин көшесі(аурухана қалашығы,	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, сульфаттар

			СЭС ауданы)	
2	әр 20 минут сайын	Үзіліссізрежимде	Ленин көшесі, 10 үйден оңтүстікке қарай	Күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, озон (жербеті), күкіртсутегі, аммиак



8.2-сурет. Балқаш қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфералық ластануға берілетін жалпы сипаттама. Стационарлы бақылау жүйесінен алынған ақпарат бойынша (8.3-сурет), атмосфералық ластану деңгейі **жоғары** деңгей болып есептелді, оның шамасы №2 СКАТ бақылау бекеті (Ленина көшесі, №10 үйден төменірек) аумағында күкіртсутегі бойынша СИ=9-ға (жоғарғы деңгей) және №3 (Ленина-2 көшесі, Алимжанова көшесінің бұрышында) күкірт диоксиді бойынша НП =4%-ға (көтеріңкі деңгей) тең.

*БҚ сәйкес, егер СИ мен ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні бойынша бағаланады.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) орташа шоғыры - 1,3 ШЖШ_{о.т.}, озон (жербеті) - 1,3 ШЖШ_{м.б.} қалған ластанушы заттардың орташа айлық шоғырлар ШЖШ-дан асқан жоқ.

Күкірт диоксидінің максималды бір реттік шоғырларынан асуы – 5,0 ШЖШ_{м.б.} құрады, күкіртсутегі бойынша – 8,5 ШЖШ_{м.б.}, қалқыма бөлшектер (шаң) бойынша – 2,6 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді - 1,6 ШЖШ_{м.б.}, озон (жербеті) - 1,1 ШЖШ_{м.б.} қалған ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан асқан жоқ.

Атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) мен экстремалды жоғары ластануының (ЭЖЛ) жағдайлары кездескен жоқ.


8.4 Жезқазған қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (8.3-сур., 8.4-кесте).

8.4-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Сарыарқа көшесі, 4Г үй, тоқыма фабрикасының ауданы	Қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол
3			Желтоқсан көшесі, Жастар көшесі, 6 (Металлургтар алаңы)	Қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	М.Жамиля көшесі, 4а/1	PM-2,5 Қалқыма бөлшектері, PM-10 Қалқыма бөлшектері, азот диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, озон (жербеті) күкірттісутек, аммиак



8.3-сурет. Жезқазған қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.3 сур.) қаланың атмосфералық ауасы ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, СИ = 9,9 (жоғары деңгей) және ЕЖҚ = 29,1 % (жоғары деңгей) күкіртті сүтек бойынша № 1-бекеттің аумағында (М. Жалиля көшесі, 4а/1) анықталды.

Қалқыма бөлшектердің (шан) орташа шоғырлары – 1,2 ШЖШ_{о.т.}, озонның (жербеті) – 1,3 ШЖШ_{о.т.}, фенолдың – 2,4 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектердің (шан) максималды бір реттік шоғырлары – 1,6 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді - 1,8 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сүтек – 9,9 ШЖШ_{м.б.}, фенолдың – 3,3 ШЖШ_{м.б.}, құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


8.5 Саран қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (8.4-сур., 8.5-кесте).

8.5-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Саран көшесі, 28а, орталық аурухана аумағында	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртсүтек



8.4-сурет. Саран қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.4-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі *төмен* болып бағаланды, СИ=1 және ЕЖҚ=0 анықталды.

PM-2,5 қалқыма бөлшектерінің максималды бір реттік шоғыры – 1,3 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

8.6 Теміртау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.5-сур., 8.6-кесте).

8.6-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті)	Димитров көшесі,213	Қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді,сульфаттар,көміртегі
4			6-шағын аудан («Опан» шоқысы,	

		әдіс)	ішетін су резервуарының аумағы)	оксиді, азот оксиді және диоксиді, күкіртсутегі, фенол, аммиак, сынап
5			3 «а» шағын ауданы (құтқару стансасының ауданы)	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Фурманов көшесі, 5	Қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, күкіртсутегі, аммиак



8.5-сурет. Теміртау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.8-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі деңгейіөте жоғары болып бағаланды, СИ =12 (>10 өте жоғары деңгей).

*2018 жылғы 5 қазанда №2 автоматты бекеттің бақылау мәліметі бойынша (Фурманов көшесі, 5) атмосфералық ауада күкіртсутегінің (11,6ШЖШ_{м.б.}) 1 жоғары ластану (ЖЛ) жағдайы анықталды

*БҚ 52.04.667-2005 сәйкес, СИ>10 болса, ең болмаса біреу бақылау мерзімінен СИ 10-нан көп болған кезде, ЕЖҚ орнына күндер саны анықталады.

Орташа шоғырлары: қалқыма бөлшектердің (шаң) – 1,4 ШЖШ_{о.т.}, күкірт диоксиді – 1,4 ШЖШ_{о.т.}, азот диоксиді – 1,2 ШЖШ_{о.т.}, фенол – 2,5 ШЖШ_{о.т.}, аммиак – 1,3 ШЖШ_{о.т.}, құрады, басқа ластаушы заттар – ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір реттік шоғырлары: қалқыма бөлшектердің (шаң) – 3,0 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 9,5 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,5 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 6,1 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 3,2 ШЖШ_{м.б.}, күкіртсутегі – 11,6 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 3,8 ШЖШ_{м.б.}, аммиак – 1,3 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады .

8.7 Қарағанды облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Қарағанды облысындағы жерүсті суларының ластануын бақылау 15 су нысанында жүргізілді: Нұра, Шерубайнұра, Соқыр, Көкпекті, Қара Кеңгір, Сарысу өзендері; Самарқан, Кеңгір су қоймалары; Ертіс-Қарағанды арығы; Қорғалжын қорығының көлдері: Шолақ, Есей, Сұлтанкелді, Қоқай, Теңіз және Балқаш көлі.

Нұра өзені Керегетас тауларынан бастау алып, үлкен Теңгіз көлімен қосылып жатқан Қорғалжын көлдері жүйесіне құяды. Өзен бастауын Қарағанды облысы аумағынан алып, Ақмола облысы арқылы ағып өтеді. Нұра өзенінде Самарқан суқоймасы орналасқан. Кеңгір суқоймасы Қара Кеңгір өзенінде орналасқан, бұл өзен – Сарысу өзенінің оң жақ саласы болып табылады.

Нұра өзені: су температурасы 0,1 – 11,9°C шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,02, судағы еріген оттегі концентрациясы – 11,50 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,61 мг/дм³. Негізі иондар (сульфаттар – 1,9 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 3,3 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+)– 1,6 ШЖШ, мырыш (2+)– 1,9 ШЖШ, марганец (2+)– 6,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың орташа концентрациясы 0,00006 мг/дм³, ең үлкен концентрациясы – 0,00015 мг/дм³.

Самарқан су қоймасында: су температурасы 0,1 – 12,3°C шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,01, судағы еріген оттегі концентрациясы 11,61 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,60 мг/дм³. Негізі иондар (сульфаттар – 1,8 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 2,4 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+)– 1,9 ШЖШ, мырыш(2+) – 1,9 ШЖШ, марганец (2+)– 5,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм³ аз болды.

Кеңгір су қоймасы: су температурасы 1,6 – 15,2°C, сутегі көрсеткіші 7,81, судағы еріген оттегі концентрациясы – 10,87 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,12 мг/дм³. Негізі иондар (сульфаттар – 1,7 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 1,6 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+)– 1,4 ШЖШ, мырыш (2+)– 1,6 ШЖШ, марганец (2+)– 4,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды.

Қара Кеңгір өзенінде су температурасы 2,0 – 13,0 °C шегінде, сутегі көрсеткіші 8,10, судағы еріген оттегі концентрациясы 8,625 мг/дм³, ОБТ₅ – 5,83 мг/дм³. Негізі иондар (сульфаттар – 5,8 ШЖШ, магний – 1,4 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 10,3 ШЖШ, нитритті азот – 2,7 ШЖШ, жалпы темір – 2,2 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+)– 2,2 ШЖШ, мырыш (2+)– 1,8 ШЖШ, марганец (2+)– 8,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм³ аз болды.

Сарысу өзені: су температурасы 1,2 – 12,0°C шегінде, сутегі көрсеткіші 7,91, судағы еріген оттегі концентрациясы – 10,56 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,63 мг/дм³. Негізі иондар (хлоридтер – 7,7 ШЖШ, сульфаттар – 12,9 ШЖШ, кальций – 1,3 ШЖШ, магний – 6,2 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 1,5 ШЖШ, жалпы темір – 2,9 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+)– 1,7 ШЖШ, мырыш (2+)– 2,4 ШЖШ, марганец(2+) – 6,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм³ аз болды.

Соқыр өзені: су температурасы 0,1 – 10,5°C шегінде, сутегі көрсеткіші 7,86, судағы еріген оттегі концентрациясы – 8,74 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,70 мг/дм³. Негізі иондар (хлоридтер – 1,6 ШЖШ, сульфаттар – 2,7 ШЖШ, магний – 1,6 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 14,7 ШЖШ, нитритті азот – 18,7 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+)– 1,8 ШЖШ, мырыш(2+)– 2,7 ШЖШ, марганец(2+) – 8,0 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар – 1,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм³ жетті.

Шерубайнұра өзені: су температурасы 0,3 – 10,0°C шегінде, сутегі көрсеткіші –7,88, судағы еріген оттегі концентрациясы – 8,60 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,83 мг/дм³. Негізі иондар (сульфаттар – 1,9 ШЖШ, магний – 1,2 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 11,9 ШЖШ, нитритті азот – 17,2 ШЖШ, жалпы темір – 2,4 ШЖШ), ауыр металдар (мыс(2+) – 1,7 ШЖШ, мырыш (2+)– 2,5 ШЖШ, марганец(2+) – 7,5 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар – 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм³ жетті.

Көкпекті өзені: су температурасы 10,0 °С, сутегі көрсеткіші – 8,19, судағы еріген оттегі концентрациясы – 9,01 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,44 мг/дм³. Негізі иондар (сульфаттар – 1,6 ШЖШ, магний – 1,1 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+)– 1,5 ШЖШ, мырыш(2+) – 1,7 ШЖШ, марганец (2+)– 7,4 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм³ аз болды.

Ертіс-Қарағанды арығы: су температурасы 3,4 – 3,8°C шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,90, судағы еріген оттегі концентрациясы – 11,38 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,28 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір – 1,7 ШЖШ), ауыр металдар (цинк (2+)– 1,2 ШЖШ, марганец (2+)– 2,0 ШЖШ,) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм³ жеткен жоқ.

Шолақ көлінде: су температурасы – 12,2 °С сутегі көрсеткіші – 8,27 судағы еріген оттегі концентрациясы – 10,53 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,13 мг/дм³. Негізі иондар (сульфаттар – 1,7 ШЖШ, магний – 1,2 ШЖШ), ауыр металдар (мыс(2+) – 1,1 ШЖШ, мырыш (2+)– 1,8ШЖШ, марганец (2+)– 6,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм³ аз болды.

Есей көлінде: су температурасы 11,8 °С , сутегі көрсеткіші – 8,35, судағы еріген оттегі концентрациясы – 9,46 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,29 мг/дм³. Негізі иондар (хлоридтер – 1,1 ШЖШ, сульфаттар – 1,5 ШЖШ, магний – 2,3 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+)– 2,0 ШЖШ, мырыш(2+) – 1,9 ШЖШ, марганец(2+) – 5,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм³ аз болды.

Сұлтанкелді көлінде: су температурасы 11,0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 8,48, судағы еріген оттегі концентрациясы – 10,23 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,07 мг/дм³. Негізі иондар (хлоридтер – 1,5 ШЖШ, сульфаттар – 1,8 ШЖШ, магний – 2,1 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 1,4 ШЖШ), ауыр металдар (мыс(2+) – 1,1 ШЖШ, мырыш(2+) – 1,7 ШЖШ, марганец (2+)– 4,2 ШЖШ) бойынша шекті

жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм³ аз болды.

Қоқай көлінде: су температурасы 10,6 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 8,33, судағы еріген оттегі концентрациясы – 9,16 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,44 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 2,1 ШЖШ, магний – 1,5 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 1,3 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+)– 1,1 ШЖШ, мырыш (2+)– 1,5 ШЖШ, марганец (2+)– 4,8 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм³ аз болды.

Теңіз көлінде: су температурасы 10,6 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 8,50, судағы еріген оттегі концентрациясы – 7,63 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,60мг/дм³. Негізгі иондар (хлориттер – 36,6 ШЖШ, сульфаттар – 47,0 ШЖШ, кальций – 1,1 ШЖШ, магний – 42,1 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+)– 1,1 ШЖШ, мырыш (2+)– 1,6 ШЖШ, марганец (2+)– 3,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм³ аз болды.

Балқаш көлінде: су температурасы 4,0-16,8°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,55, суда еріген оттегі концентрациясы – 9,99 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,74 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 6,7 ШЖШ, магний – 2,8ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер – 1,7 ШЖШ), ауыр металдар (мыс(2+) – 5,4 ШЖШ, мырыш(2+) – 1,9 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар – 1,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды.

Су сапасы 2018 жылдың 4 тоқсанда келесі түрде бағаланады: *«ластанудың өте жоғары деңгейіндегі»* су – Теңіз көлі; *«ластанудың жоғары деңгейіндегі»* су – Соқыр, Шерубайнұра, Қара Кеңгір, Сарысу өзендері. Қалған су нысандары *«ластанудың орташа деңгейіндегі»* су деп бағаланды.


2017 жылғы 4 тоқсанмен салыстырғанда Балқаш, Шолақ және Есей көлдерінің сулары – жақсарған. Қалған су нысандарында айтарлықтай өзгерген жоқ.

2018 жылдың 4 тоқсанда ОБТ₅ шамасы бойынша су сапасы Қара Кеңгір өзені *«ластанудың орташа деңгейіндегі»* су деп, қалған су нысандары *«нормативті таза»* су деп бағаланады.


2017 жылғы 4 тоқсанмен салыстырғанда, ОБТ₅ бойынша су сапасы айтарлықтай өзгермеген.

Оттегі режимі бірқалыпты.

Облыс аумағында келесі ЖЛ жағдайлары тіркелді: Соқыр өзені – 8 ЖЛ жағдайы, Шерубайнұра өзені – 7 ЖЛ жағдайы, Қара Кеңгір өзені– 5 ЖЛ жағдайы, Теңіз көлі – 3 ЖЛ жағдайы, Сарысу өзені – 6 ЖЛ жағдайы.



8.6 сур. Қарағанды облысы жер үсті суы сапасының сипаттамасы



8.7 сур. Қорғалжын көлдері жер үсті сулары сапасының сипаттамасы



8.8 сур. Балқаш көлі жер үсті суы сапасының сипаттамасы

8.8 Гидробиологиялық көрсеткіштері бойынша жер үсті суларының сапасына анықтама 2018 жыл 4-тоқсан

Нұра өзені

Фитопланктон жақсы дамыды. Диатомды, жасыл және көк-жасыл балдырлар кездесті. Жасыл балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 48% құрады. Су сынамасындағы түрлер саны 12 - 30 аралығында болып, орташа сан 22 көрсетті. Альгофлораның жалпы саны 0,59 мың кл/см³, жалпы биомассасы 0,065 мг/дм³ тең болды. Сапроб индексі 1,73-1,98 аралығында болып, орташа сапроб индексі 1,86, яғни үшінші класқа сәйкес орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон 4-ші тоқсанда орташа дамыды. Су сынамасындағы орташа түр саны 3-ден кездесті. Ескекәяқты шаяндар басым болып, жалпы планктон санының 66% құрады. Соның ішінде *Eucyclops serrulatus* басымдылық танытты. Талшықмұрты шаяндар 30%, ал домалақ құрттар 4% зоопланктонның жалпы биомассасын құруға қатысты. Жалпы орташа саны 1,42 мың дана/м³, ал биомассасы 11,36 мг/м³ құрады. Сапроб индексі 1,63 – 2,05 аралығында болып, өзен бойынша орташа сан 1,84 құрады. Зоопланктон жағдайына байланысты, су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Нұра өзенінің перифитонның түрлік құрамы әртүрлі болды. Диатомды балдырлардан *Caloneis amphisbaena*, *Diatoma vulgare*, *Melozira varians*, жасыл балдырлардан: *Pediastrum duplex*, *Spirogira porticalis*, *Scenedesmus acuminatus* түрлері кездесті. Көк-жасыл балдырлардан *Gloeocapsa*, *Myrocystis*, *Nodularia*

туыстары басымдылық танытты. Зерттеу нәтижесіне сәйкес ластанған аймақтарға "Садовое" бөлімшесі (1,98) және "Ақмешіт" (2,04) ауылы тұстамалары жатады. Есептегі кезеңде сапроб индекстерінің кейбір тұстамаларда төмендеуі байқалады, яғни су сапасының 3-класс көлемінде қалып, жақсарғанын көруге болады.

1-кесте

Нұра өзенінің тұстамаларында перифитон көрсеткіштерінің 2018 жылдың 3-4 тоқсанындағы сапроб индекстерінің өзгерістері

№ р/с	Тұстама аталуы	Сапроб индексі	
		3-тоқсан	4-тоқсан
1	Нұра өзені, Шешенқара ауылы	1,86	1,78
2	Нұра өзені, Балықты т/ж бекеті	1,73	-
3	Нұра өзені, Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 1 км төмен	1,97	1,82
4	Нұра өзені, Садовое бөлімшесі	1,92	1,98
5	Нұра өзені, Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 5,7 км төмен	1,99	1,77
6	Нұра өзені, Жана-Талап ауылы	1,93	1,85
7	Нұра өзені, Ынтымақ су қоймасының жоғарғы бьефі	1,81	-
8	Нұра өзені, Ынтымақ су қоймасының төменгі бьефі	1,87	1,75
9	Нұра өзені, Ақмешіт ауылы	1,84	2,04
10	Нұра өзені, Киевка кенті	1,94	1,84
11	Нұра өзені, Сабынды ауылы	1,81	1,80
12	Нұра өзені, Қорғалжын ауылы	1,82	1,86

2017 жылмен 2018 жылдың 4 тоқсанын салыстырсақ, басым тұстамаларда сапроб индекстерінің төмендегенін көреміз. Яғни су класының шамалы жақсарғанын көруге болады (2-кесте).

2-кесте

Нұра өзенінің тұстамаларында перифитон көрсеткіштерінің 4 тоқсанның 2017-2018жж. сапроб индекстерінің өзгерістері

№ р/с	Тұстама аталуы	Сапроб индексі	
		4-тоқсан 2017ж	4-тоқсан 2018ж
1	Нұра өзені, Шешенқара ауылы	1,68	1,78
2	Нұра өзені, Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 1 км төмен	1,98	1,82
3	Нұра өзені, Садовое бөлімшесі	2,06	1,98

4	Нұра өзені, Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК»АҚ бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 5,7 км төмен	1,97	1,77
5	Нұра өзені, Жана-Талап ауылы	1,97	1,85
6	Нұра өзені, Ынтымақ су қоймасының төменгі бьефі	1,87	1,75
7	Нұра өзені, Ақмешіт ауылы	1,91	2,04
8	Нұра өзені, Киевка кенті	1,76	1,84
9	Нұра өзені, Сабынды ауылы	1,96	1,80
10	Нұра өзені, Қорғалжын ауылы	1,96	1,86

Сапроб индекстері 1,75-2,04 аралығында болды. Орташа сапроб индексі 1,91-ге тең болды. Су сапасы 3-класқа сәйкес, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Нұра өзенінің түпкі фаунасының түрлік құрамы әртүрлі болды. Олар сүліктер (Nigudinea), ұлулар (Bivalvia және Gastropoda), шаянтәрізділер (Crustacea) мен жәндіктер (Insecta) класынан, Araneae (өрмекшілер), Coleoptera (қоңыздар), Diptera (қосқанаттылар), Trichoptera (жылғалықтар) отрядтарынан құралды. Түпкі фауна зообентос жағдайына байланысты, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

3-кесте

Бентос бойынша жер үсті суларының сапасына салыстырмалы сипаттама

Тұстама аталуы	Топтағы түр саны		Биотикалық индекс		Су класы	
	3 - тоқсан	4- тоқсан	3- тоқсан	4- тоқсан	3- тоқсан	4- тоқсан
Нұра өзені, Балықты т/ж бекеті	б/ұ-12 ж (ж)-1 ш-1	-	5	-	3	-
Нұра өзені, Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 1 км төмен	б/ұ-3 к/ұ-7 ж (ж)-6 с-6 ж(б)-8 ж (ж)-3	к/ұ-5 ж (к)-1	5	5	3	3
Нұра өзені, Садовое бөлімшесі	б/ұ-4 к/ұ-13 ж (ж)-1 с-2	ж (к)-5 ж (ж)-2	5	5	3	3
Нұра өзені, Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК»АҚ	б/ұ-4 к/ұ-11 ж(к)-1	к/ұ-15 ж-1	5	5	3	3

Тұстама аталуы	Топтағы түр саны		Биотикалық индекс		Су класы	
	3 - тоқсан	4- тоқсан	3- тоқсан	4- тоқсан	3- тоқсан	4- тоқсан
бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 5,7 км төмен	ж(ж)-1 ж-1 с-2					
Нұра өзені, Жана-Талап ауылы	к/ұ-2 б/ұ-4	б/ұ-1 ж(к)-1 ж(к)-1	5	5	3	3
Нұра өзені, Ынтымақ су қоймасының жоғарғы бьефі	ж(к)-20 ш-7	-	5	-	3	-
Нұра өзені, Ынтымақ су қоймасының төменгі бьефі	б/ұ-16 к/ұ-2 ш-14 с-8	б/ұ-2 қ-2 ж(ж)-1 с-2 ш-5	5	5	3	3
Нұра өзені, Ақмешіт ауылы	б/ұ-17 к/ұ-31 ж(к)-1 с-2 ш-25	б/ұ-1 қ-5 с-1 ш-2	5	5	3	3
Нұра өзені, Киевка кенті	б/ұ-3 с-2	ж(к)-6 қ-2	5	5	3	3
Нұра өзені, Сабынды ауылы	к/ұ-3 ж(ж)-2	ж(к)-1 қ-7 ж(ж)-1	5	5	3	3
Нұра өзені, Қорғалжын ауылы	ж(к)-7	к/ұ-3 қ-5	5	5	3	3

Ескертпе:

к/ұ – қосжақтаулы ұлу;

с - сүліктер;

ж - жәндіктер;

ж(и) – инелік;

ж(к) - көктемдіктер;

ж(к) - қоңыздар;

ж(ж) – жылғалақтар;

б/ұ – бауыраяқты ұлу;

а – азқылтанды құрттар;

ш - шаянтәрізділер;

ж(б)- біркүндіктер;

қ - қандалалар;

ж(қ) - қосқанаттылар;

Нұра өзені бойынша тест-көрсеткіш нәтижесі төмендегідей: "Шешенқара ауылы", "Балықты т/ж бекеті", Теміртау қаласы, "бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 1 км жоғары...", Теміртау қаласы, "бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 5,7 км төмен...", Ынтымақ су қоймасының төменгі бьефі – 0%, Теміртау қаласы, "бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 1 км төмен..."- 1%, Ақмешіт ауылы – 1%. Алынған мәліметтерге сәйкес Нұра өзенінің суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Шерубайнұра өзені

Фитопланктон жақсы дамыды. Диатомды балдырлар 88% кездесіп, жалпы биомассаны құруға қатысты. Ал жасыл балдырлар 12% кездесті. Жалпы саны 0,29 мың дана/м³, жалпы биомассасы – 0,023 мг/дм³. Су сынамасындағы түрлер саны – 16. Сапроб индексі - 2,09. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон бірлестігі орташа дамыған. Ескекаяқтылар 99,5% жалпы зоопланктон санын құруға қатысты. Талшықмұртты шаяндар зоопланктон санының 0,5% құрды. Жалпы саны 2,01 мың дана/м³, ал биомассасы 20,0 мг/м³ құрады. Сапроб индексі 1,99. Зоопланктон жағдайына байланысты су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Перифитон бірлестігі диатомды, жасыл, эвгленалы балдырлардан және кірпікшелі инфузориялардан құралды. Диатомды балдырлардан *Cyclotella meneghiniana*, *Gyrosigma acuminatum*, *Navicula rhynchocephala*, *Stephanodiscus hantzschii*; жасыл балдырлардан - *Closterium*, *Pediastrum*, *Scenedesmus*, эвгленалылардан - *Euglena spirogyra*, кірпікшелі инфузориялардан-*Hemiophrus pleurosigma* және *Stylonychis muscorum* басымдылық көрсетті. Кездесу жиілігі 1-3-5 тең болды. Сапроб индексі 2,10. Су сапасының класы – үшінші класқа сәйкес болды.

Өткір уыттылықты анықтау үрдісі кезінде тест-көрсеткіш (өлген дафниялардың бақылауға қатынасы бойынша пайызы) өзен бойынша 1% тең болды. Уытты әсері анықталған жоқ.

Қара Кенгір өзені

Фитопланктонда диатомды балдырлар басымдылық танытып, 50% құрап, жалпы биомассаны құруға қатысты. Барлық топ балдырлары кездесті. Жалпы саны мен биомассасы 0,42 мың кл/см³, 0,029 мг/дм³. Сынамадағы түрлер саны – 11. Өзен бойынша орташа сапроб индексі – 1,95, яғни орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон сынамасы орташа дамыған. Ескекаяқты шаяндар басымдылық танытып, 98% құрады. Талшықмұртты шаяндар үлесіне - 2% ғана тиді. Домалақ құрттар су сынамасында кездеспеді. Сынамадағы орташа түр саны 2 көрсетті. Орташа жалпы саны 0,34 мың дана/м³, биомассасы 2,71 мг/м³. Орташа сапроб индексі – 1,79, яғни орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Биотестілеу кезінде тест-көрсеткіш төмендегідей нәтиже көрсетті: Жезқазған қаласы, «Қазақмыс» корпорациясы кәсіпорны "ағынды сулар шығарылымынан 0,2 км жоғары"-0%, Жезқазған қаласы, «Қазақмыс» корпорациясы кәсіпорны "ағынды сулар шығарылымынан 0,5 км төмен"- 2%, Жезқазған қаласы, "ағынды сулар

шығарылымынан 5,5 км төмен" - 0%. Алынған мәліметтерге сәйкес, өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Самарқан су қоймасы

Фитопланктон жақсы дамыды. Негізін жасыл балдырлар құрады. Жалпы саны 0,95 мың кл/см³, биомассасы 0,115 мг/дм³. Су сынамаcындағы түрлер саны – 22. Сапроб индексі 1,95, яғни, 3 класс, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон орташа дамыды. Оның негізін ескекаяқты шаяндар құрап, 89% зоопланктонның жалпы санын құруға қатысты. Талшықмұртты шаяндар 11% құрады. Жалпы орташа саны 4,5 мың дана/м³, ал биомассасы 41,0 мг/м³. Сапроб индексі 1,99, яғни, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Перифитон негізін диатомды балдырлар құрады. Соның ішінде *Symbella lanceolata*, *Sumatopleura elliptica* және басқалары басым кездесті. Жасыл және көк-жасыл балдырлар шамалы ғана кездесіп, шкала бойынша кездесу жиілігі 1-2 құрады. Сапроб индексі 1,85, су класы – үшінші.

Зообентос шаянтәрізділерден (Crustacea) – *Gammarus pulex* (χ - β -0,65), қосжақтаулы ұлулардан (*Bivalvia*): *Sphaerium corneum* (β - α -2,4) мен *Sphaerium solidum* түрлерінен құралды. Биотикалық индекс 5-ке тең. Түпкі фауна, зообентос көрсеткіші бойынша орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Су қоймадағы суға биотестілеу кезінде тірі қалған дафниялардың саны бақылауға қатынасы бойынша 100% құрады. Тест – көрсеткіш 0% тең. Зерттелген су нысаны *Daphnia magna* уытты әсер етпейді.

Кенгір су қоймасы

Фитопланктон жақсы дамыды. Жалпы саны мен биомасса жағынан жасыл балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 52% құрады. Жалпы саны орташа 0,16 мың кл/см³, ал биомасса 0,025 мг/дм³ болды. Су сынамадағы түр саны – 14. Сапроб индексі 1,75. Су класы – 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон сынамаcы жақсы дамыды. Ескекаяқты шаяндар басымдылық танытып, жалпы зоопланктонның 100% көрсетті. Орташа саны 0,02 мың дана/м³, биомассасы 0,2 мг/м³. Сапроб индексі 1,85, су класы – үшінші, яғни орташа ластанған.

Зерттеудің нәтижесінде тірі қалған дафниялар саны 100% құрады. Тест – көрсеткіш 0% тең. Су қоймадағы биотестілеу нәтижесіне сәйкес зерттелген су тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Қорғалжын көлдері

Шолақ көлі

Фитопланктонда жасыл балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 47% құрады. Диатомды балдырлар 36%, көк-жасыл балдырлар 17% жалпы биомассаны құруға қатысты. Жалпы орташа саны 0,32 мың дана/м³, ал биомассасы 0,043 мг/м³, су сынамаcындағы түрлер саны – 16. Сапроб индексі 1,88, яғни, 3 класс, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Есептегі айда зоопланктон бірлестігі орташа дамыған. Ескекаяқты шаяндар басым болып, 100% зоопланктонның жалпы санын құрады. Жалпы саны 0,02 мың дана/м³, биомассасы 0,37 мг/м³. Олиго-бетамезасапробты организмдер басым болды. Сапроб индексі 1,74.

Перифитонда диатомды, жасыл және көк-жасыл балдырлар кездесті. Диатомды балдырдан *Symbella lanceolata*, *Diatoma vulgare*, *Rhopalodia gibba*. Жасыл балдырлардан: *Pediastrum duplex*, *Scenedesmus brasiliensis*, көк-жасыл балдырлардан: *Coelosphaerium kützingianum* түрлері кездесті. Сапроб индексі 1,77. Су класы – үшінші, яғни орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зообентос фаунасы жәндіктердің дернәслдерінен (Hemiptera)-*Corixa* sp. (α - β -1,85), шаянтәрізділерден (Crustacea)-*Gammarus pulex* (χ - β -0,65) және ұлулардан құралды. Ұлулардың ішінен су сынамасында *Anodonta cygnea* (β -1,8), *Planorbis vortex* (β -1,7), *Sphaerium corneum* (β - α -2,4) түрлері кездесті. Вудивиссу бойынша биотикалық индекс – 5 көрсетті. Су класы – 3, зерттелген аймақ орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Есей көлі

Фитопланктон жақсы дамыды. Жасыл балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 59% құрады. Жасыл балдыр түрлерінен: *Scenedesmus*, *Pediastrum* туыстары басым кездесті. Жалпы саны 0,31 мың дана/м³, ал биомассасы 0,044 мг/м³. Орташа сапроб индексі 1,85, яғни, 3 класс, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон қалыпты дамыды. Ескекаяқты шаяндар 100% кездесіп, зоопланктон санын құрады. Жалпы саны 0,14 мың дана/м³, биомассасы 1,46 мг/м³. Бета-мезасапробты организмдер басым болды. Сапроб индексі 1,78. Су сапасы орташа ластанған.

Перифитон құрамы диатомды балдырлардың *Neidium productum*, *Surirella ovata* түрлернен құралды. Басқа топ балдырларының кездесу жиілігі 1-2 құрады. Орташа сапроб индексі 1,81, яғни, 3 класс орташа ластанған су сапасы.

Есей көлінің бентос құрамы бауыраяқты ұлулардың (Gastropoda) әртүрлерімен: *Lymnaeidae* және *Planorbidae* құралды. *Lymnaeidae* түрінің ішінен: *Lymnaea ovata*, *L. pereger*, *L. stagnalis*, *L. truncatula* кездесті. *Planorbidae* ішінен: *Planorbis vortex*, *Pl. complanata*, *P. Planorbis* түрлері кездесті. Сонымен қатар қосжақтаулы ұлулардан: *Anodonta cygnea* мен *Unio pictorum* кездесті. Су айдынының биотикалық индексі 5-ті құрады.

Сұлтанкелді көлі

Фитопланктон жақсы дамыған. Саны мен биомасса жағынан диатомды балдырлар басым түсті. Орташа жалпы саны 0,29 мың дана/м³, ал биомассасы 0,028 мг/м³. Сынамадағы түрлер саны – 16. Сапроб индексі 1,81. Фитопланктон жағдайына байланысты су сапасы орташа ластанған.

Есептегі айда зоопланктон бірлестігі орташа дамыған. Ескекаяқтылар - 77%, талшықмұрттылар - 23% көрсетті. Сынамадағы орташа түр саны – 3. Зоопланктон саны 3,25 мың дана/м³, биомассасы 24,7 мг/м³. Сапроб индексі 1,62 - 1,82 аралығында болып, орташа сапроб индексі 1,72 көрсетті. Жалпы көл бойынша су сапасы орташа ластанған, 3 класты көрсетті.

Альгоценоз негізін диатомды, жасыл және көк-жасыл балдырлар құрады. Диатомды балдырлардан *Fragilaria crotonensis*, *Navicula cuspidata*, *Rhoicosphenia curvata*, жасыл балдырлардан -*Cosmarium formulosum*, *Spirogira porticalis*, *Ulotrix zonata*. Су сынамасында кірпікшелі инфузориялар класының (Ciliata) өкілі –

Dileptus anser кездесті. Сапроб индексі 1,66, яғни, 3 класс, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зообентос бауыраяқты ұлулардың (Gastropoda) тұқымдастарынан: *Lymnaeidae* мен *Planorbidae*: *Lymnaea auricularia*, *Planorbis contortus*, *Pl. complanata*, *Viviparus viviparus* және басқаларынан құралды. Сонымен қатар, су сынамасында *Diptera* және *Hemiptera* отрядтарының жәндік дернәсілдері кездесті. Биотикалық индекс бойынша зерттелген аймақта орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Қоқай көлі

Фитопланктон жақсы дамыған. Диатомды балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 63% құрады. Жалпы орташа саны 0,18 мың кл/см³, жалпы биомассасы 0,029 мг/дм³ тең болды. Сынамадағы түр саны - 14. Сапроб индексі 1,79. Су класы – үшінші, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон бірлестігі қалыпты дамыды. Су сынамасында 80% ескеаяқтылар, талшықмұрттылар мен домалақ құрттар 10% зоопланктон санын құрды. Бұл кезеңде орташа саны 1,13 мың дана/м³, биомассасы 15,15 мг/м³. Сапроб индексі 1,62 құрап, су сапасы үшінші класқа сәйкес болды.

Перифитон бірлестігі диатомды балдырлардан құралды. *Cocconeis pediculus*, *Navicula gracilis*, *Rhoicosphenia curvata* сияқты түрлері кездесті. Басқа топ балдырларының кездесу жиілігі 1-2. Сапроб индексі 1,73. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зообентос екі таксономиялық топтан: жәндіктер класынан (*Insecta*) және бауыраяқты ұлулардан (*Gastropoda*) құралды. Жәндіктер дернәсілдерінен (*Insecta*) *Coleoptera* (*Hydroporus* sp.-β-1,5) және *Hemiptera* (*Corixa* sp.- α-β-1,85 мен *Naucoris cimicoides*) отрядтары басымдылық танытты. Бауыраяқты ұлулардан (*Gastropoda*) су сынамасында: *Anisus vortex* (α-β-1,4), *Lymnaea stagnalis* (β-1,85) и *Radix* (*L.*) *ovata* (α-2,05) кездесті. Зообентос көрсеткіші бойынша орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Теңіз көлі

Фитопланктон жақсы дамыған. Диатомды, жасыл және көк-жасыл балдырлар кездесті. Диатомды балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 70% құрады. Жалпы орташа саны 0,15 мың кл/см³, жалпы биомассасы 0,018 мг/дм³ тең болды. Сынамадағы түр саны - 10. Сапроб индексі 1,84. Су класы – үшінші, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон бірлестігі қалыпты дамыды. Су сынамасында *Rotatoria* класының түрі ғана кездесті. Зоопланктонның орташа саны 0,02 мың дана/м³, биомассасы 0,005 мг/м³. Су сапасы үшінші класқа сәйкес болды.

Перифитон бірлестігі диатомды, жасыл және көк-жасыл балдырлардан құралды. Диатомды балдырлардан *Gyrosigma*, *Navicula* кездесті. Жасыл және көк-жасыл балдырлардың тығыздығы шамалы болды. Организмдердің негізі β-мезосапробты. Сапроб индексі 1,76. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зообентос домалақ құрттар (*Nematoda*) және шаянтәрізділер (*Crustacea*) класының *Harpacticoida* sp..отрядынан құралды. Биотикалық индекс – 5. Су класы үшінші.

Балқаш көлі

Фитопланктон негізін диатомды балдырлар құрады. Жалпы саны 0,06 мың кл/см³, жалпы биомассасы 0,008 мг/дм³ тең болды. Сынамадағы түр саны - 4. Сапроб индексі 1,53 – 1,88 аралығында болып, орташа сан 1,70 құрады. Фитопланктон жағдайына байланысты су сапасы орташа ластанған.

Зоопланктон зерттелген аймақта тұрақты дамыды. Ескеаяқты шаяндар басымдылық танытып, жалпы планктон санының 96% құрады. Талшықмұртылар 4% кездесті. Домалақ құрттар су сынамасында кездеспеді. Орташа саны 3,77 мың дана/м³, биомассасы 75,59 мг/м³. Сапроб индексі 1,62 – 1,78 аралығында болып, 4-тоқсан бойынша 1,68 құрады. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Биотестілеудің зерттеу нәтижесіне сәйкес тест-көрсеткіш (өлген дафниялардың пайызы) бақылауға қатынасы бойынша бақылау нүктелерінің орналасуына қарай төмендегідей: Оңтүстік бөлік, Іле өзенінің сағасынан 22 км – 0%, Оңтүстік бөлік, мыса Қарағаштың солтүстік жағалауынан 15,5 км – 0%, Балқаш қаласы, А 175° ОГП-ның солтүстік жағалауынан 20,0 км – 0%, Балқаш қаласы, А 175° ОГП-ның солтүстік жағалауынан 38,5 км - 0%, Тараңғалық шығанағы, А130° қалдыққойманың солтүстік жағалауынан 0,7 км – 0%, Тараңғалық шығанағы, А130° қалдыққойманың солтүстік жағалауынан 2,5 км – 0%, бұқта Бертыс, А 210° Зеленый аралынан 6,5 км – 0%, бұқта Бертыс, А 107° ТЭЦ б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 1,2 км – 0%, бұқта Бертыс, А107° ТЭЦ б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 3,1 км – 0%, Сарышаған шығанағы, А 128°АО "Балқашбалық" б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 1,0 км – 0%, Сарышаған шығанағы, А 128°АО "Балқашбалық" б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 2,3 км – 0%, Сары-Есік түбегі – 0%, Ұзынарал бұғазы - 0%, Алғазы аралы, Қоржын аралының солтүстігінен 25 км - 0%, Солтүстік-Шығыс бөлігі, Қаратал өзенінің сағасынан 5,5 км - 0%. Алынған мәліметтерге сәйкес, өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

8.9 2018 жылдың күз мезгіліндегі Қарағанды облысы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі

Күз мезгілінде Балқаш қаласының түрлі аудандарынан алынған топырақ сынамалары құрамында мырыш–37,5-921,9 мг/кг, хром – 1,0-3,8 мг/кг, қорғасын – 367,1-2366,8мг/кг, мыс– 96,5-379,9 мг/кг, кадмий – 2,4-32,7 мг/кг шамасында болды.

Балқаш тау кен металлургиясы(БТКМ) ауданындағы топырақ сынамаcында мыс бойынша 126,6 ШЖШ, қорғасын – 74,0ШЖШ, мырыш– 21,9 ШЖШ артуы анықталды.

БТКМ емханасы ауданындағы топырақ сынамаcында мыс бойынша 76,5 ШЖШ, қорғасын – 54,5 ШЖШ, мырыш – 21,9 ШЖШ артуы анықталды.

ЖЭС ауданындағы топырақ сынамаcында мыс бойынша 52,6 ШЖШ, қорғасын – 23,9 ШЖШ,мырыш – 5,2 ШЖШ артуы анықталды.

Ленин және Әлімжанов көшелері қиылысы ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 39,1 ШЖШ, қорғасын – 20,3 ШЖШ, мырыш – 3,2 ШЖШ артуы анықталды.

Саябақ аумағы ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 32,2 ШЖШ, қорғасын – 11,5 ШЖШ, мырыш – 1,6 ШЖШ артуы анықталды.

Күз мезгілінде Жезқазған қаласындағы түрлі аудандардан алынған топырақ сынамаларында хром құрамы 1,1-1,6 мг/кг, мырыш – 23,7-85,6 мг/кг, қорғасын – 60,8-285,9 мг/кг, мыс – 37,8-92,1 мг/кг, кадмий – 0,43–2,8 мг/кг шамасында болды.

«Жезқазған мыс қорыту зауыты» санитарлы қорғау аймағы шекарасындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 30,7 ШЖШ, мырыш – 3,6 ШЖШ, қорғасын – 8,9 ШЖШ артуы анықталды.

Автомагистраль ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 30,1 ШЖШ, қорғасын – 5,4 ШЖШ, мырыш – 3,7 ШЖШ артуы анықталды.

№3 мектеп ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша – 11,5 ШЖШ, қорғасын – 1,9 ШЖШ, мырыш – 1,0 ШЖШ артуы анықталды.

Кеңгір су сақтау қоймасы ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 12,6 ШЖШ, мырыш – 1,0 ШЖШ, қорғасын – 2,0 ШЖШ артуы анықталды.

ЖЭС аумағынан 1 км ары орналасқан санитарлы қорғау аймағындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 8,9 ШЖШ, мыс – 23,5 ШЖШ, мырыш – 1,8 ШЖШ артуы анықталды.

Хром шоғыры жол берілген норма шамасында болды.

Күз мезгілінде Қарағанды қаласындағы түрлі аудандардан алынған топырақ сынамаларында мыс құрамы 0,57-2,6 мг/кг, хром – 0,11-0,44 мг/кг, мырыш – 8,5-22,1 мг/кг, қорғасын – 7,9-98,9 мг/кг, кадмий – 0,06-0,42 мг/кг шамасында болды.

Октябрь ауданындағы ЖЭС-3 ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 3,1 ШЖШ, мырыш – 1,0 ШЖШ артуы анықталды.

№101 мектеп ауданында («Гүлдер» мөлтекауданы), «Қазақмыс» Корпорациясы» ЖШС құю зауыты ауданында, Қарағанды және Теміртау қалалары автокөлік трассасы және «Субурханская» Орталық байыту фабрикасы ауданында анықталатын барлық ауыр металдар шоғырлары норма шамасында болды.

Күз мезгілінде Теміртау қаласындағы түрлі аудандардан алынған топырақ сынамаларында хром құрамы 0,27-1,0 мг/кг, мыс – 1,7-3,3 мг/кг, мырыш – 18,3-46,4 мг/кг, қорғасын – 32,2-45,0 мг/кг, кадмий – 0,42-0,64 мг/кг шамасында болды.


Автобекет ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 1,2 ШЖШ, мырыш бойынша 2,0 ШЖШ артуы анықталды.

Нан зауыты ауданында қорғасын құрамы 1,4 ШЖШ, мырыш - 1,3 ШЖШ, мыс - 1,0 ШЖШ деңгейінде болды.

№11 мектеп ауданындағы топырақ сынамасында мырыш бойынша 1,2 ШЖШ артуы анықталды. Қорғасын құрамы 1,0 ШЖШ деңгейінде болды.

Автомагистраль ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 1,1 ШЖШ, мыс - 1,1 ШЖШ, кадмий - 1,0 ШЖШ артуы анықталды.

ЖЭС-2 топырақ сынамасында қорғасын бойынша 1,7 ШЖШ, кадмий - 1,3 ШЖШ, мырыш - 1,0 ШЖШ, артуы анықталды.



8.9 сур. Қарағанды облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

8.10 Қарағанды облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 5 метеорологиялық стансада (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Керней, Родниковский ауылы) және Қарағанды қаласының (№6 ЛББ) мен Теміртау қаласының (№2 ЛББ) 2 автоматты бекеттерінде бақылау жүргізілді (8.13-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,07-0,40мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,17 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

8.11 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (8.13-сур.). Барлық станцияда бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,9-2,5Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,3Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



8.10-сурет. Қарағанды облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

9 Қостанай облысының қоршаған ортажай-күйі


9.1 Қостанай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (9.1-сур., 9.1-кесте).

9.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған	Қайырбеков көшесі, 379; тұрғын ауданы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді
3		сынама (дискретті әдіс)	Доцанов көшесі, 43, қала орталығы	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Бородина көшесі	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
4			Маяков көшесі	



9.1-сурет. Қостанай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=3 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=6% (көтеріңкі деңгей) (сур.1,2).

Орташа шоғырлары: РМ-2,5 қалқыма бөлшектердің – 1,2 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады .

Максималды бір реттік шоғырлары: РМ-2,5 қалқыма бөлшектердің – 2,9 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектердің – 1,5 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,9 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,62 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 1,11 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

9.2 Рудный қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (9.2-сур., 9.2-кесте).

9.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Молодая Гвардия көшесі	РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі

6			мешіттің маңы	оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
---	--	--	---------------	------------------------------------



9.2-сурет. Рудный қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды СИ=2, ЕЖҚ=1%.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Максималды бір реттік шоғырлары: азот диоксиді – 1,62 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 1,11 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

9.3 Қарабалықкенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (9.3-сур., 9.3-кесте).

9.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
--------------	----------------	-----------------	------------------	----------------------

13	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Гагарин көшесі, 40 «А»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак
----	-------------------	-------------------	------------------------	---



9.3-сурет. Қарабалық кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды СИ=1 (төмен деңгей), ЕЖҚ=1% (көтеріңкі деңгей).

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Максималды бір реттік шоғырлары: PM-2,5 қалқыма бөлшектердің – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, PM-10 қалқыма бөлшектердің – 1,3 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,1 ШЖШ_{м.б.}, озон – 1,2 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


9.4 Арқалық қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (9.4-сур., 9.4-кесте).

9.4-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
11	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	АТЭК аймағында	PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді
12			Арқалық МС аймағында	



9.4-сурет. Арқалық қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.4-сур.) кентте атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=2 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей).

Орташа шоғырлары: күкірт диоксидінің – 1,31 ШЖШ_{от.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады .

Максималды бір реттік шоғырлары: азот диоксидінің – 1,97 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

9.5 Жітіқара қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (9.5-сур., 9.5-кесте).

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
9	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	орталық базардың аймағында	PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді
10			Жітіқара М аймағында	



9.5-сурет. Жітіқара қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.5-сур.) кентте атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=2 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей).

Орташа шоғырлары: күкірт диоксидінің – 2,66 ШЖШ_{0.т.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады .

Максималды бір реттік шоғырлары: PM-10 қалқыма бөлшектердің – 1,67 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксидінің – 1,04 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

9.6 Лисаковск қаласының атмосфералық ауасының ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (9.6-сур., 9.6-кесте).

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен Анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	Үзіліссіз режимде	Қызылжар гидрологиялық бөгенінің салыну аймағында	PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді
8			«Лисаковсккомуннерго» МКМ аймағы, Тобыл көшесі	



9.6-сурет. Лисаковск қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.6-сур.) кентте атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=1 (төменгі деңгей) және ЕЖҚ=0% (төменгі деңгей) анықталды.

Орташа шоғырлары: күкірт диоксидінің – 4,15 ШЖШ_{от.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір реттік шоғырлары: PM-10 қалқыма бөлшектердің – 1,15 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксидінің – 1,26 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

9.7 Заречный кентінің эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауа жай-күйі

Заречный кентінде атмосфералық ауаның ластануына бақылау 1 нүктеде (№1 – Заречный кенті) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксиді, сутегі күкірті, көмірсутектер және озон өлшенді.

Бақылау деректері бойынша қалған анықталатын заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (9.7-кесте).

9.7-кесте

Заречный кентінің бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	Сынама нүктелер	
	№1	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,05	0,1
Азот диоксиді	0,04	0,200
Күкіртдиоксиді	0,32	0,65
Көміртегіоксиді	0,04	0,00
Азот оксиді	0,01	0,02
Сутегі күкірті	0,056	7,03
Озон	0,01	0,04
Көмірсутектер	0,00	0,00

9.8 Дружба кентінің эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауа жай-күйі

Дружба кентіндеатмосфералық ауаның ластануына бақылау 1 нүктеде (№1 – Дружба кенті) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксиді, сутегі күкірті, көмірсутектер және озон өлшенді.

Бақылау деректері бойынша қалған анықталатын заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (9.8-кесте).

9.8-кесте

Дружба кентініңбақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	Сынама нүктелер	
	№1	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,06	0,12
Азот диоксиді	0,00	0,00

Күкіртдиоксиді	1,19	2,37
Көміртегіоксиді	0,56	0,1
Азот оксиді	0,01	0,02
Сутегі күкірті	0,00	0,00
Озон	0,01	0,05
Көмірсутектер	0,00	0,00

9.9 Қостанай облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Қостанай облысының аумағында трансшекаралық өзендерде жер үсті суларының ластануын бақылау 9 су нысанында жүргізілді: Тобыл, Айет, Тоғызак, Обаған, Уй, Желқуар, Аманкелді, Қаратомар, Жоғарғы Тобыл су қоймаларында.

Тобыл өзенінде судың температурасы 3,2 °С, сутегі көрсеткіші 8,35 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 10,47 мг/дм³, ОБТ5 2,43 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 2,0 ШЖШ, магний 1,2 ШЖШ), биогендік заттар (жалпы темір 1,6 ШЖШ, тұзды амоний 2,3 ШЖШ) ауыр металдар (мыс 1,4 ШЖШ, мырыш 4,7 ШЖШ, никель 5,1 ШЖШ, марганец 4,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Айет өзенінде судың температурасы 4,5 °С, сутегі көрсеткіші 8,54 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 10,70 мг/дм³, ОБТ5 3,54 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 1,9 ШЖШ, магний 1,4 ШЖШ), биогендік заттар (жалпы темір 1,6 ШЖШ, тұзды амоний 2,6), ауыр металдар (мырыш 6,3, никель 5,9 ШЖШ, марганец 3,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Тоғызак өзенінде судың температурасы 4,2 °С, сутегі көрсеткіші 8,64 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 11,34 мг/дм³, ОБТ5 2,07 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 2,4 ШЖШ, магний 2,1 ШЖШ), биогендік заттар (жалпы темір 1,8 ШЖШ, тұзды амоний 3,3), ауыр металдар (мыс 2,0 ШЖШ, мырыш 6,9 ШЖШ, никель 6,5 ШЖШ, марганец 4,6 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Обаған өзенінде судың температурасы 9,8 °С, сутегі көрсеткіші 9,18 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 8,64 мг/дм³, ОБТ5 1,2 мг/дм³. Негізгі иондар (кальций 1,1 ШЖШ, сульфаттар 15,4 ШЖШ, магний 5,5 ШЖШ хлоридтер 5,0 ШЖШ), биогендік заттар (тұзды амоний 2,6 ШЖШ, жалпы темір 2,9) ауыр металдар (мыс 3,0 ШЖШ, мырыш 1,9 ШЖШ, никель 9,3 ШЖШ, марганец 2,4 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Уй өзенінде судың температурасы 10,6 °С, сутегі көрсеткіші 8,94 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 11,18 мг/дм³, ОБТ5 0,20 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 2,2 ШЖШ, магний 1,2 ШЖШ), биогендік заттар (фторидтер 1,3 ШЖШ, жалпы темір 1,4 ШЖШ), ауыр металдар (мыс 3,0, мырыш 4,6 ШЖШ, никель 7,9 ШЖШ, марганец 3,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Желқуар өзенінде судың температурасы 6,0 °С, сутегі көрсеткіші 8,83 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 12,70 мг/дм³, ОБТ5 2,91 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 1,1 ШЖШ, магний 1,3 ШЖШ), биогендік заттар (фторидтер 2,0 ШЖШ), ауыр металдар (никель 6,1 ШЖШ, мырыш 6,3 ШЖШ, марганец 2,4 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Аманкелді су қоймасы өзенінде судың температурасы 6,2 °С, сутегі көрсеткіші 8,59 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 9,83 мг/дм³, ОБТ5 2,74 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 1,5 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш 1,6 никель 6,1 ШЖШ), биогендік заттар (фторидтер 1,5 ШЖШ, жалпы темір 1,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Қаратомар су қоймасында өзенінде судың температурасы 6,2 °С, сутегі көрсеткіші 8,84 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 11,86 мг/дм³, ОБТ5 2,73 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 1,1 ШЖШ), биогендік заттар (фторидтер 1,5 ШЖШ, жалпы темір 1,6 ШЖШ), ауыр металдар (никель 7,5 ШЖШ, мырыш 2,8 ШЖШ, марганец 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.


Жоғарғы Тобыл су қоймасында өзенінде судың температурасы 6,2 °С, сутегі көрсеткіші 8,57 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 11,51 мг/дм³, ОБТ5 0,87 мг/дм³. Негізгі иондар (фторидтер 1,2 ШЖШ, жалпы темір 1,3 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш 5,4 ШЖШ, никель 6,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Су сапасы келесідей бағаланады: *«ластанудың орташа деңгейі»* - Тобыл, Аяет, Уй, Желқуар өзендерінде, Аманкелді, Қаратомар су қоймаларында; *«ластанудың жоғары деңгейі»* - Тоғызақ, Обаған өз, Жоғарғы Тобыл су қоймасы.

2017 жылының 4 тоқсанымен салыстырғанда су сапасы: Тобыл, Аят, Тоғызақ, Уй, Желқуар, Обаған өзендерінде, Қаратомар су қоймасы – айтарлықтай өзгерген жоқ; Аманкелді су қоймасында – жақсарған, Жоғарғы Тобыл су қоймасында -нашарланған.

5 тәулік ішінде оттегіні биохимиялық тұтыну бойынша су сапасы: келесідей бағаланды: *«нормативтік таза»*- Тобыл, Уй, Тоғызақ, Желқуар, Обаған өзендерінде, Аманкелді, Қаратомар, Жоғарғы Тобыл су қоймаларында; *«ластанудың орташа деңгейі»*- Аяет өзенінде.

2017 жылының 4 тоқсанымен салыстырғанда 5 тәулік ішінде оттегіні биохимиялық тұтыну бойынша су сапасы келесідей бағаланды: Тобыл, Аят, Тоғызақ, Желқуар, Обаған өзендерінде, Қаратомар с/қ – айтарлықтай өзгерген жоқ; Жоғарғы Тобыл, Аманкелді с/қ –жақсарған.



9.7сур. Қостанай облысы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

9.10 2018 жылдың күз мезгіліндегі Қостанай облысы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі

Қостанай қаласында түрлі аудандардан алынған топырақ сынамаларында қорғасын құрамы –10,5 - 27,9 мг/кг, мыс – 0,21-0,99 мг/кг, хром –0,14-0,64 мг/кг, мырыш–6,5-15,8 мг/кг, кадмий – 0,10-0,25 мг/кг шамасында болды. Топырақ сынамаларында кадмий, қорғасын, мырыш, мыс және хром шоғырлары 0,04-19,2 мг/кг шегінде болды және рұқсат етілген нормадан аспады.

Варваринка кентінде қайық өткелі, мектеп аумағында, кенттің кіре беріс аумағы, сорғы станциясы және «Варваринская» АҚ үйінділері аудандарындағы сынамаларында топырақ **шоғырлары** кадмий, қорғасын, мырыш және хром болған шегінде 0,04-19,2 мг/кг **нормадан аспады**. Мектеп аумағында мыстың шоғырлануы 2,1 ШЖШ құрады.

Жітіқара қаласында Павлов көшелері (№2 орта мектеп ауданында), жеңіс саябағы, Орталық сквер және Партизанская көшелері кадмий, қорғасын, мырыш, мыс және хром шоғырлары 0,19-39,3 мг/кг шегінде болды және берілген нормадан аспады. Жамбыл атындағы мәдениет және демалыс саябағы аумағында қорғасын 1,23 ШЖШ құрады.

Арқалық қаласында түрлі аудандарда іріктелген топырақ сынамаларында қорғасынның құрамы 38,6-70,9 мг/кг, мыс – 1,02-2,76 мг/кг, хром – 0,45-1,70 мг/кг,

мырыш – 18,9-30,4 мг/кг, кадмий – 0,15-0,43 мг/кг болды. Арқалық аудандық ауруханасының Мир көшесі (ААА) ауданында 1,4 ШЖШ-ға тең қорғасын, 1,2 ШЖШ-ға тең мырыш шоғырлары артуы анықталды. Ш. Уәлиханов атындағы №1 орта мектеп аумағында мыстың шоғырлануы 1,1 ШЖШ құрады. Қорғасын 1,4 ШЖШ, мырыш - 1,2 ШЖШ тең. «Алюминстрой» АҚ өнеркәсіптік аймағы ауданында (500 м қашықтықта) қорғасын 1,5 ШЖШ, мырыш - 1,1 ШЖШ тең артуы анықталды. Горбачев/8 Наурыз көшелерінің бұрышында 2,2 ШЖШ, мырыш - 1,1 ШЖШ тең қорғасын шоғырлары артуы анықталды. Есіл қаласындағы бұрылыс автожолында 1,2 ШЖШ тең қорғасын шоғырлары артуы анықталды.

Лисаковск қаласында Жеңіс саябағы аумағында, №1 орта мектеп, Больничная көшесі (ластану көзі – сүт зауыты ЖШС ДЭП - 200 м), Строительная көшесі (Теміржол вокзалы ауданы - 10м) және Тобольская көшесі (мед. аудан) кадмий, қорғасын, мырыш және хром шоғырлары 0,04-21,5 мг/кг шегінде болды, анықталатын қоспалардың шоғырлары рұқсат етілген норма шегінде болды.

Рудный қаласында түрлі аудандарда іріктелген топырақ сынамаларында қорғасын мөлшері 12,64-28,76 мг/кг, мыс – 0,31-4,31 мг/кг, хром – 0,18-0,96 мг/кг, мырыш – 6,32-24,9 мг/кг, кадмий – 0,05-0,18 мг / кг болды. Топорков/Лизы Чайкина («KEGOS» АҚ, рудный автотранс, "Жилстрой, Рудный сүт зауыты" ЖШС) көшелері мыс 1,14 ШЖК, мырыш 1,1 ШЖК құрады.

9.11 Қостанай облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 6 метеорологиялық станцияларда (Жітіқара, Докучаевка, Қарасу, Комсомolec, Қостанай, Урицкий) және Қостанай (№2, №4 ЛББ), Рудный қалаларының (№5, №6 ЛББ) автоматты бекеттерінде бақылау жүргізілді (9.9-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,08-0,20 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

9.12 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Қостанай облысының аумағында 2 метеорологиялық станцияларда (Жітіқара, Қостанай) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (9.9-сур.). Барлық станцияда бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8-1,7 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,2 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



9.8-сурет. Қостанай облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

10 Қызылорда облысының қоршаған орта жай-күйі

10.1 Қызылорда қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (10.1-сур., 10.1-кесте).

10.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Төреқұлова көшесі 76	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді, күкіртті сутегі, формальдегид

2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Нариманова к-сі, 6	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
3			Сырдария өзенінің сол жағалауы, «Аэрологиялық станса»	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді



10.1-сурет. Қызылорда қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=1,44 (төменгі деңгей), ЕЖҚ=0% анықталды (1,2-сур.).

Жалпы қала бойынша ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлары: азот диоксиді – 1,21 ШЖШо.т., басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Ластаушы заттардың максималды-бірлік шоғырлары: қалқыма бөлшектер PM-2,5 – 1,44 ШЖШм.б., азот диоксиді – 1,05 ШЖШм.б., басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

10.2 Ақай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (10.2-сур., 10.2-кесте).

10.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Қорқыт-Ата көшесі, н/з	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді,формальдегид



10.2-сурет. Ақай кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.2-сур.) атмосфералық ауаның жалпыластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=1 және ЕЖҚ=0% анықталды (1.2-сур.).

Жалпы кент бойынша орташа айлық және максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


10.3 Төретама кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (10.3-сур., 10.3-кесте).

10.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мұратбаев көшесі, 51 «А»	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі



10.4 Қызылорда облысы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

10.5 Қызылорда облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 2 метеорологиялық станцияларда (Арал теңізі, Шиелі) және Қызылорда қаласы (№3 ЛББ) мен Ақай (№1 ЛББ), Төретам (№1 ЛББ) кенттерінің 3 автоматты бекетінде бақылау жүргізілді (10.5 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,04-0,23 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,12 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

10.6 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Қызылорда облысының аумағында 2 метеорологиялық станцияларда (Арал теңізі, Қызылорда) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (10.5-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8-1,8 Бк/м² аралығында болды. Облыс

бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,3 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



10.5-сурет. Қызылорда облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

11 Маңғыстау облысының қоршаған орта жай-күйі

11.1 Ақтау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (11.1-сур., 11.1-кесте).

11.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	1 шағынаудан, Жайық-Каспий экология департаментінің аумағында	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, аммиак, күкірт қышқылы
4			«Морпорт Ақтау» арнайы экономикалық аймағы (АЭА)	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, көмірсулар, аммиак, күкірт қышқылы

			аумағында	
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	12 шағын аудан	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді,озон(жербеті),күкірттісутегі,аммиак
6			31 шағынауданы, № 10 учаскесі	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,азот диоксиді, азот оксиді,күкірттісутегі, аммиак



11.1-сурет. Ақтау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=4 (көтеріңкі деңгей) аммиак бойынша № 6 бекет аумағында (31 шағын аудандан) анықталды және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) (1,2-сур.).

Орташа айлық ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

PM-10 қалқыма бөлшектердің максималды-бірлік шоғырлары – 3,7 ШЖШ_{м.б.}, озон (жер беті) – 2,4 ШЖШ_{м.б.}, аммиак – 3,8 ШЖШ_{м.б.} басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.


11.2 Жаңаөзен қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (11.2-сур., 11.2-кесте).

11.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	әкімшіліктің маңы	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, көмірсутегісінің сомасы, метан
2			метеостанцияның маңы	



11.2-сурет. Жаңаөзен қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.2 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=3 (көтеріңкі деңгей) күкірт диоксиді бойынша № 1 бекет аумағында (әкімдіктің жанында) және ЕЖҚ=3% (көтеріңкі деңгей) күкірт диоксиді бойынша № 1 бекет аумағында (әкімдіктің жанында) анықталды (1,2-сур.).

Орташа айлық ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Күкірт диоксидінің максималды-бір реттік шоғырлары – 3,1 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,6 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,5 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 1,3 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.


11.3 Бейнеу кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (11.3-сур., 11.3-кесте).

11.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Бейнеу ауданы, Восточная	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, күкіртті сутегі



11.3-сурет. Бейнеу кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.3 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=3 (көтеріңкі деңгей) PM-10

қалқыма бөлшектері бойынша анықталды, ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) анықталды (1,2-сур.).

Орташа айлық ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

PM-2,5 қалқыма бөлшектердің максималды-бірлік шоғырлары – 1,8 ШЖШ_{м.б.}, PM-10 қалқыма бөлшектері – 3,2 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.

11.4 Қошқар-Ата қалдық қоймасы аумағының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Атмосфералық ауаның ластануына бақылау «Қошқар-Ата» қалдық қоймасында жүргізілді.

PM-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, аммиактың, күкіртті сутегінің, көмір сутегі сомасының шоғырлары өлшенді.

Барлық анықталатын ластаушы заттардың шоғырлары бақылау деректері бойынша шекті жол берілген шоғырдан аспады (11.4-кесте).

11.4-кесте

«Қошқар-Ата» к/к эпизодтық бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	q_mмг/м³	q_m/ШЖШ
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,10	0,34
Күкірт диоксиді	0,03	0,07
Көміртегі оксиді	1,89	0,4
Азот диоксиді	0,01	0,06
Азот оксиді	0,01	0,02
Күкіртті сутегі	0,003	0,4
Көмір сутегі сомасы	22,8	-
Аммиак	0,03	0,15

11.5 Баутино кенті аумағының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Атмосфералық ауаның ластануына бақылау Баутино кентінде жүргізілді. PM-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, аммиактың, күкіртті сутегінің, көмір сутегі сомасының шоғырлары өлшенді.

Барлық анықталатын ластаушы заттардың шоғырлары бақылау деректері бойынша шекті жол берілген шоғырдан аспады (11.5-кесте).

11.5-кесте

Баутино кентінің эпизодтық бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың
максимальды шоғыры

Ластаушы заттар	Сынама нүктесі	
	q_{m}/m^3	$q_{m}/ШЖШ$
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,078	0,26
Күкірт диоксиді	0,020	0,04
Көміртегі оксиді	1,496	0,30
Азот диоксиді	0,112	0,56
Азот оксиді	0,014	0,04
Күкірттісутегі	0,003	0,4
Көмір сутегі сомасы	7,00	-
Аммиак	0,015	0,07

11.6 Маңғыстау облысы кен орындарындағы атмосфералық ауа жай - күйі

Дунга және Жетібай кенорындарының барлық нүктелерінде қалқыма заттардың, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, аммиактың, күкірт қышқылының және көмірсулар қосындысының максимальді шоғырлары шекті жол берілген нормадан аспады.

11.7 Маңғыстау облысы аумағындағы Орталық Каспий теңіз суының сапасы

Теңіз суы сапасына бақылау жүргізу "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймақ су айдыны (4 нүкте), Форт-Шевченко, Фетисово, Каламқас, Қаражанбас, Арман және АО «ММГ», Курык, Адамтас.

Орталық Каспий су температурасы 6,5-12,41°C, теңіз суы сутегі көрсеткіші – 8,17, суда еріген оттегі – 8,72 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,83 мг/дм³ болды. ШЖШ асу байқалмаған.

2018 жылдың 4 тоқсанында Орталық Каспийде су сапасы СЛКИ бойынша «*нормативті таза*» деп сипатталды. 2017 жылдың 4 тоқсанымен салыстырғанда теңіз суы сапасы өзгермеген.

11.8 Маңғыстау облысының жағалаулық станциялар мен кен орындары аумағындағы теңіз түпкі шөгінділердің ластану жай-күйі

Теңіз түпкі шөгінділердің ластану жай-күйін 2018 жылдың қазан айында Орталық Каспий теңізі "Ақтау теңіз порты" АЭА, (Форт–Шевченко, Фетисово, Қаламқас), жағалаулық стансаларда, (Арман, Қаражанбас) кен орындарында, «Маңғыстау МұнайГаз» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі «ММГ» АҚ) жағалауындағы бөген су айдынында, Орта Каспийдің Құрық кенті ауданында және Орта және Оңтүстік Каспийдің (Адамтас шамшырағы) шекаралық аумағында, теңіз түпкі шөгінділеріне сынама алынды. Мұнай өнімдері және металлдардың (мыс, никель, хром (6+), марганец, қорғасын және мырыш) бар болуы талданды.

Орталық Каспий теңізі "Ақтау теңіз порты" АЭА Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 1,1-1,3 мг/кг, хром – 0,02-0,04 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,02-0,035%, мырыш – 1,1-1,32 мг/кг, никель – 1,32-1,44 мг/кг, қорғасын – 0,0026-0,0048 мг/кг және мыс – 1,45-1,81 мг/кг шегінде болды.

Жағалаулық станциялар Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 1,1-1,3 мг/кг, хром – 0,03-0,045 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,03-0,031%, мырыш – 1,35-1,54 мг/кг, никель – 1,25-1,35 мг/кг, қорғасын – 0,0039-0,0041 мг/кг және мыс – 1,5-1,56 мг/кг шегінде болды.

Кен орындар Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 1,4-145 мг/кг, хром – 0,029-0,035 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,04-0,041 %, мырыш – 0,35 мг/кг, никель – 1,25-1,41 мг/кг, мыс – 1,5 мг/кг және қорғасын – 0,004-0,0042 мг/кг шегінде болды.

«ММГ» АҚ жағалауындағы бөген су айдыны Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 1,2-1,32 мг/кг, хром – 0,011-0,015 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,02-0,031%, мырыш – 0,19-0,21 мг/кг, никель – 1,11-1,19 мг/кг, қорғасын – 0,003-0,0035 мг/кг және мыс – 1,1-1,21 мг/кг шегінде болды.

Орта және Оңтүстік Каспийдің (Адамтас шамшырағы) шекаралық аумағы Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 1,2-1,31 мг/кг, хром – 0,025-0,031 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,022-0,031%, мырыш – 0,3-0,35 мг/кг, никель – 1,2-1,3 мг/кг, мыс – 1,22-1,25 мг/кг және қорғасын – 0,0021-0,0025 мг/кг шегінде болды.

Құрық к. ауданы Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 1,2-1,34 мг/кг, хром – 0,021-0,025 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,025-0,031%, мырыш – 0,3-0,41 мг/кг, никель – 1,25-1,35 мг/кг, қорғасын – 0,0031-0,0035 мг/кг және мыс – 1,41-1,5 мг/кг шегінде болды.

11.9 Маңғыстау облысы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі

Күз мезгілінде Ақтау қаласында «Каспий Ак» көлік салонының санитарлы қорғау аймағы аумағында, орталық жол аумағында, ЖЭС-1 Санитарлы-қорғау аймағы аумағында, 26 мөлтек ауданындағы №14 мектеп аумағында және «Ақбота» саябағы аумақтарында кадмий, қорғасын, мырыш, мыс және хром шоғырлары 0,0027 – 1,3 мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан аспады.

Күз мезгілінде Бейнеу кентінде «Жібекжолы» ЖШС аумағында, орталық жол («Айко» ЖҚС), Алтынсарин атындағы № 2 мектеп, «Бекет Ата» мешіті және №1 жол айрығы аудандарында кадмий, қорғасын, мырыш, мыс және хром шоғырлары 0,0028 – 1,3мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан аспады.

Күз мезгілінде Жанаөзен қаласында спорткешені ауданында, №7 мектеп, мұнайшылар МҮ, «Аден» дүкені және «Бұрғылау» ЖШС аудандарында кадмий, қорғасын, мырыш, мыс және хрома шоғырлары 0,004 – 1,35 мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан аспады.

Күз мезгілінде Форт – Шевченко қаласында Мыңбаев атындағы мектеп ауданы, бұрынғы саябақ («Ая» кафесі), орталық жол, «Достық» қонақ үйі және Аджип ККО компаниясы (Қазақстан НортКаспианОперейтинг Компаниясы) ауанында мыс, кадмий, қорғасын, мырыш және хрома шоғырлары 0,004 – 1,29 мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан аспады.

Күз мезгілінде Қошқар- Ата қалдық сақтау қоймасы ауданында қорғасын, кадмий, мыс, хром және мырыш шоғырлары 0,01 – 1,19 мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан аспады.

Күз мезгілінде Дунга (3 нүкте), Жетібай (3 нүкте) кен орындарында түрлі аудандардан нүктелерден алынған топырақ сынамаларында қорғасын құрамы 0,005-0,006 мг/кг, мырыш – 0,3-0,31 мг/кг, мыс – 1,51-1,62 мг/кг, хром – 0,021-0,03 мг/кг, марганец – 1,5мг/кг, мұнайөнімдері – 0,027-0,032 мг/кг, никель – 1,11-1,5 мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан аспады.

Күз мезгілінде Қаражанбас (1 нүкте), Арман (1 нүкте) кен орындарында түрлі аудандардан нүктелерден алынған топырақ сынамаларында қорғасын құрамы 0,005-0,008 мг/кг, мырыш – 0,35 мг/кг, мыс – 1,5 мг/кг, хром – 0,025-0,028 мг/кг, марганец – 1,2-1,3 мг/кг, мұнайөнімдері – 0,025-0,035 мг/кг, никель – 1,0-1,15мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан аспады.

Морпорт аумағындағы барлық нүктелерде мұнай өнімдерінің шоғырлары 0,01 -0,025 % жетті. Барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан асқан жоқ.

Анықталатын заттардың құрамы топырақ үшін бекітілген шекті жол берілген шоғырлар (ШЖШ) мәнімен салыстырылды.

11.10 Маңғыстау облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 4 метеорологиялық станцияларда (Ақтау, Форт-Шевченко, Жаңаөзен, Бейнеу), Қошқар-Ата қалдық орнында және атмосфералық ауаның ластануына бақылау Жаңаөзен қаласының (№1, №2 ЛББ) Автоматты бекетінде бақылау жүргізілді(11.8-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,06-0,22 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін нормаға сәйкес келеді.

11.11 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Маңғыстау облысының аумағында 3 метеорологиялық станцияларда (Ақтау, Форт-Шевченко, Жаңаөзен) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (11.8-сур.). Барлық станцияда бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,7-1,9 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,3 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



11.4-сурет. Маңғыстау облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

12 Павлодар облысының қоршаған орта жай-күйі

12.1 Павлодар қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (12.1-сур., 12.1-кесте).

12.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Камзин мен Чкалов көшелерінің қиылысы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутегі, фенол, хлор, хлорлы сутегі
2			Айманов көшесі, 26	
3	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Ломов көшесі	PM 10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді,

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

12.2 Павлодар қаласының эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Павлодар қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 1 нүктеде (№1 нүкте – Павлодар қаласы, Солтүстік өнеркәсіптік аймағы) жүргізілді.

Аммиактың, формальдегидтің, фтор сутегінің, бензиннің, бензолдың, этилбензолдың шоғырлары өлшенді.

Этилбензол шоғырлары – 1,1 ШЖШ_{м.б.} құрады.

Бақылау деректері бойынша басқа ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (12.2-кесте)

12.2-кесте

Павлодар қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғырлары

Анықталатын қоспалар	$q_{m} \text{мг/м}^3$	$q_{m} / \text{ШЖШ}$
Аммиак	0,0009	0,004
Формальдегид	0,0	0,0
Фтор сутегі	0,0008	0,04
Бензин	3,258	0,7
Бензол	0,0965	0,32
Этилбензол	0,0211	1,1

12.3 Екібастұз қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (12.2-сур., 12.3-кесте).

12.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	8 ш-а, Беркембаев және Сәтбаев көшелері	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мәшкүр Жүсіп көшесі, 118/1	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі



12.2-сурет. Екібастұз қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (12.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы **төменгі деңгей** болып бағаланды, СИ=1 (төменгі деңгей) және ЕЖҚ=0% (төменгі деңгей) (1,2-сур.) **көміртегі оксиді № 1 бекет** (Мәшқұр Жүсіп көшесі, 118/1) анықталды.

*БҚ сәйкес, егер СИ мен ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні бойынша бағаланады.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды- бірлік көміртегі оксиді – 1,3 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі шоғырлары - 1,2 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.


12.4 Ақсу қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (12.3-сур., 12.4-кесте).

12.4-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Әуезов көшесі,4«Г»	қалқыма бөлшектер,күкірт диоксиді,көміртегі оксиді, азот диоксиді,азот оксиді, күкіртті сутегі.



12.3-сурет. Ақсу қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (12.3-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=1 (төменгі деңгей) және ЕЖҚ=0% (төменгі деңгей) күкіртті сутек №1 бекет (Әуезов көш. 4Г) (1,2-сур.) анықталды.

*БҚ сәйкес, егер СИ мен ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні бойынша бағаланады.

Ластаушы заттардың орташа айлық пен бір-реттік максималды шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

12.5 Павлодар облысының жер үсті су сапасы


Павлодар облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 2 су нысанында жүргізілді (Ертіс, Усолка өзендері).

Ертіс өзені - судың температурасы орта есеппен 5,0°C, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 8,05, суда еріген оттегінің шоғыры орта есеппен 11,41 мг/дм³, ОБТ₅ орта есеппен 1,78 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)) 1,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Усолка өзені - судың температурасы орта есеппен 14,0°C, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 9,16, суда еріген оттегінің шоғыры орта есеппен 8,16 мг/дм³, ОБТ₅ орта есеппен 1,20 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)) 1,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Павлодар облысы аумағындағы Ертіс, Усолка өзендерінің су сапасы «ластанудың орташа деңгейінде» деп бағаланады.

2017 жылғы 4 тоқсанмен салыстырғанда Ертіс, Усолка өзендерінің су сапасы айтарлықтай өзгермеген (4-кесте).



12.4 сур. Павлодар облысы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

12.6 2018 жылдың күз мезгіліндегі Павлодар облысы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі

Павлодар қаласындағы түрлі аудандардан алынған топырақ сынамасында хром шоғыры 0,48-0,88 мг/кг, қорғасын 11,53-22,6 мг/кг, мырыш – 6,9-25,4 мг/кг, мыс – 0,37-3,89 мг/кг, кадмий – 0,12-0,40 мг/кг шамасында болды.

Кутузов пен Торайғыров көшесі қиылысында, Павлодар химиялық мұнай зауытының санитарлы-қорғау зонасы ауданында, Чокин, Бектұров және Дүйсенов көшелерінің қиылысында, Естай мен Карл Маркс көшелері қиылысы ауданы қиылысындағы гүл-бақ аумағында барлық анықталатын ауыр металдардың шоғыры ШЖШ-тан аспады.

Мырыш шоғырының нормадан асуы:

- "Алюминий Казахстана" АҚ санитарлы-қорғау зонасы ауданында -1,1 ШЖШ;

Мыс концентрациясының нормадан асуы:

- "Алюминий Казахстана" АҚ санитарлы-қорғау зонасы ауданында -1,3 ШЖШ;

Ақсу қаласының түрлі аудандарынан алынған топырақ сынамаларында хром концентрациясы 0,7-1,73 мг/кг, қорғасын – 14,7-19,5 мг/кг, мырыш – 12,9-18,4 мг/кг, мыс – 0,79-1,16 мг/кг, кадмий – 0,2-0,26 мг/кг шамасында болды.

Ферроқорыту зауытының санитарлы-қорғау зонасы, Абай-Ертіс көшелері қиылысы, «Skifs» орталық сауда үйі аумақтарында барлық анықталатын ауыр металдар құрамының нормадан аспады.

12.7 Павлодар облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 7 метеорологиялық станцияларда (Ақтоғай, Баянауыл, Ертіс, Павлодар, Шарбақты, Екібастұз, Көктөбе) және атмосфералық ауаның ластануына бақылау Павлодар қаласының (*№3, №4 ЛББ*), Ақсу қаласының (*№1 ЛББ*), Екібастұз қаласының (*№1 ЛББ*) 4 автоматты бекеттерінде бақылау жүргізілді (12.6-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,08-0,21 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,12 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

12.8 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Павлодар облысының аумағында 3 метеорологиялық станцияларда (Ертіс, Павлодар, Екібастұз) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (12.6-сур.). Барлық станцияда бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,7-1,9 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,3 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



12.5-сурет. Павлодар облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

13 Солтүстік Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі

13.1 Петропавл қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (13.1-сур., 13.1-кесте).

13.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Ш. Уалиханов көшесі, 17	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид
3			Букетов көшесі, 16, Казахстанская правда көшесімен қиылысы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Парковая көшесі, 57А	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азотоксиді, озон (жербеті), күкірттісутегі, аммиак,

				көміртегі диоксиді
6			Юбилейная көшесі	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді, азот оксиді, озон(жербеті), аммиак



13.1-сурет. Петропавл қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (13.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=1 (төмен деңгейі) және ЕЖҚ=1% (көтеріңкі деңгейі) (1,2-сур.), № 1 бекет аумағында (Уәлиханов көшесі, 19Б) фенол бойынша анықталды.

Орташа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары: фенол – 1,1 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

13.2 Солтүстік Қазақстан обласы аумағында эпизодтық деректер бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Солтүстік Қазақстан облысында ауаның ластануына бақылау Тайынша, Саумалкөл, Булаева кенттері және Бескөл ауылында (№1 нүкте-Тайынша к. (Тайынша ауданы), №2 нүкте-Саумалкөл к. (Айыртау ауданы), №3 нүкте-Булаева к. (М. Жұмабаев ауданы), №4 нүкте-Бескөл а. (Қызылжар ауданы) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің шоғырлары өлшенді.

Бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (13.2 кесте).

13.2-кесте

Солтүстік Қазақстан облысы аудандарының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың шоғырлары

Анықталатын қоспалар	Сынама нүктелері							
	№1		№2		№3		№4	
	Қ _м МГ/М ³	Қ _м /ШЖШ	Қ _м МГ/М ³	Қ _м /ШЖШ	Қ _м МГ/М ³	Қ _м /ШЖШ	Қ _м МГ/М ³	Қ _м /ШЖШ
Қалқыма бөлшектері (шаң)	0,082	0,163	0,116	0,232	0,168	0,336	0,149	0,298
Күкірт диоксиді	0,028	0,055	0,013	0,026	0,057	0,113	0,050	0,1
Көміртегі оксиді	2,120	0,424	2,340	0,468	2,610	0,522	2,150	0,43
Азот диоксиді	0,001	0,007	0,001	0,006	0,001	0,005	0,001	0,005

13.3 Солтүстік Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Солтүстік Қазақстан облысының аумағында жер үсті суларының ластануына бақылау Есіл өзенінде және Сергеевское су қоймасында жүргізілді.

Есіл өзенінде су температурасы 0,2 – 13,0 °С шегінде болды, сутегі көрсеткішінің орташа мәні – 7,57, суда еріген оттегінің концентрациясы – 11,33 мг/дм³ құрады, ОБТ₅ – 1,77 мг/дм³. Биогенді заттар тобынан (жалпы темір – 1,1 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 2,2 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар – 1,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асу жағдайлары тіркелді.

Сергеевское су қоймасында су температурасы 0,2 – 13,0 °С шегінде болды, сутегі көрсеткіші 7,61, суда еріген оттегінің концентрациясы 12,26 мгО₂/дм³; ОБТ₅ -2,68 мг/дм³. Ауыр металдар тобынан (мыс (2+) – 2,2 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар – 2,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асу жағдайлары байқалды.

Есіл өзені мен Сергеевское су қоймасының су сапасы «ластанудың орташа деңгейінде» деп бағаланады. 2017 жылдың 4 тоқсанымен салыстырғанда Есіл өзенінің және Сергеевское су қоймасының сапасы айтарлықтай өзгерген жоқ.

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,09-0,18мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,12мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

13.6 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Солтүстік Қазақстан облысының аумағында 2 метеорологиялық станцияларда (Петропавл, Сергеевка) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (13.6-сур.). Барлық станцияда бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8-1,6Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,3Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



13.3-сурет. Солтүстік Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

14 Түркістан облысының қоршаған орта жай-күйі


14.1 Шымкент қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 6 стационарлық бекетте жүргізілді (14.1-сур., 14.1-кесте).

14.1-кесте

Бақылау бекеттерінің және анықталатын қоспалардың орналасқан жері

Бекет №	Алу мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекеттердің мекен-жайы	Анықталатын шоғырлар
1	тәулігіне 3 рет	сынаманы қолмен алу (дискреттік әдіс)	Абай даңғылы «Южполиметалл» АҚ	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, формальдегид №1,2 ЛББ - кадмий, мыс, күшәла, қорғасын, хром
2			Ордабасы алаңы, Қазыбек би көшесі мен Төле би көшесінің қиылысы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, формальдегид №1,2 ЛББ - кадмий, мыс, күшәла, қорғасын, хром
3			Алдиярова көшесі, «Шымкентцемент» АҚ нөмірсіз үй	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, формальдегид, күкіртті сутек
